



Сыр бойы

1 маусым, сенбі 2024 жыл

№83-84 (20757-20758) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫНЫҢ ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНАЛЫНА БАРДЫ



Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыға жұмыс сапары қала әуежайының жаңа халықаралық терминалын аралап көруден басталды.

Мемлекет басшысына терминалдың ашылуы қарсаңында құрылыстың қалай жүргізілгені жөнінде баяндалып, жолаушыларды тіркеу, шекара және кедендік

бақылау аймақтары, жүк бөлімі таныстырылды. «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Альф Эр Тунга Эрсой сейсми-

калық және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып салынған терминал магнитудасы 10 балға дейінгі жер сілкінісіне төтеп бере алатынын айтты. Ғимараттың жалпы ауданы 53,5 мың шаршы метрді құрайды, жылына 14 миллион жолаушыға қызмет көрсете алады.

Жаңа терминал Орталық Азияда бірінші болып Excellence in Design for Greater Efficiencies (EDGE) бағдарламасы бойынша сертификат алады.

Жолаушылар мен авиакомпаниялар санының өсуін ескере отырып, 50 тіркеу бағаны жұмыс істейтін болады. Ол үшін жаңа жабдықтар сатып алынған. Терминалда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін толықтай жағдай жасалған.

Бұдан кейін Президент әуежайдың жаңа VIP-терминалын аралап көрді.

Мемлекет басшысы қала және ел туралы алғашқы әсер әуежайдан қалыптасатынын атап өтті.

– Алматы халықаралық әуежайы – еліміздегі ең ірі әуе айлағы. Оңтүстік астанамызды тамашалайтын туристер саны жыл сайын артып келеді. Былтыр қалаға 2 миллионнан астам турист келіп-кеткен. Осыдан екі жыл бұрын құрылыс орнына капсула салу рәсіміне қатысып едім. Ал ертең, міне, Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалы алғашқы рейстерге қызмет көрсетпек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент терминал құрылысын халықаралық стандарттарға сай жүргізгені үшін TAV GROUP компаниясына, сондай-ақ Алматы үшін осындай маңызды жобаға атсалысқан кредиторлар концорциумы – Еуропалық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына және Еуразиялық даму банкіне алғыс айтты.

Алматыға сапар барысында Президент бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

/// 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАҚЫТ ДЕГЕН – БАЛА КҮНДЕРІҢ



Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Қоғам қайшылықтарға толы. Сондықтан қазір адам құқығының бұзылуы ешкімді таңғалдырмайды. Оның ішінде балалар және жасөспірімдер құқығын қорғаудың қаншалықты маңызды екені айтпасақ та түсінікті болар. Бұл орайда балалардың қауіпсіздігін сақтай отырып, олардың тиісті әлеуметтік көмек алу құқығын қамтамасыз ету – кезек күттірмейтін жауапты жұмыстардың бірі екені даусыз.

Өзімізге келсек, өңірдегі 764 ата-ана қамқорлығынсыз қалған баланың 681-і отбасы тәрбиесінде болса, 83-і интернаттық мекемелерде лайықты жағдаймен қамтылған. Бастапқы есепке алынған осы санаттағы балалардың 80 пайызы бүгінде отбасына орналастырылған.

Балалар құқығын қорғаудың тағы бір мүмкіндігі «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Айталық, бүгінде әлеуметтік жағынан әлсіз топқа жататын, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың 20 пайызы тұрғын үймен қамтылып отыр. Өткен жылы осы

санаттағы 100 бала баспаналы болған еді.

– Өңірде ерекше білім беруді қажет ететін 7494 бала есепте тұрады. Оларды арнайы біліммен қамту үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК), психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті, оңалту орталығы, арнайы мектеп-интернат, аутизм орталығы сияқты 23 білім беру ұйымы жұмыс істейді. Биылғы оқу жылында психологиялық-педагогикалық қолдаумен 6298 бала қамтылды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында балалардың инклюзивті білім алуына жағдай жасалған. Бұған сәйкес өңірде

қабылданған Жол картасы аясында 162 балабақша, 170 мектепте инклюзивтік қолдау кабинеттері, 8 мектепте ресурстық орталықтар ашылып, арнайы мамандар бөлінді. 2025 жылға дейін қосымша 14 инклюзивтік кабинет ашу жоспарланып отыр, – дейді облыстағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл М.Бисенова.

Бүгінде Қызылордадағы 2 колледжде ерекше білім беруге қажеттілігі бар студенттерге инклюзивтік қолдау кабинеттері ашылып, қызмет көрсете бастады. Сонымен қатар өткен жылы М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінде инклюзивтік ресурстық кабинет ашылып, арнайы мамандар оқытылуда. Әлеуметтік осал топтағы балаларды қолдау мақсатында өткен оқу жылында 80 мыңнан астам бала қаржылай көмек алды. Сондай-ақ бүгінде барлық мектепте бастауыш сынып оқушылары 100 пайыз тегін тамақтанады.

8-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҢА СТАДИОН – СЫР СПОРТЫНА ЖАҢА МҮМКІНДІК

Облыс орталығында салынып жатқан «Қызылорда Арена» стадионы – аймақ футболының еңсесінің биік болуына кепіл ауқымды жоба. Сыр спорты үшін маңызды нысанның іргетасын қалау рәсімінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Тәуелсіздік жылдары елімізде заманауи екі стадион ғана салынғанын айтқаны болатын.

– Яғни «Астана Арена» мен «Түркістан Арена» ғана салынған. Қызылордадағы Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионның салынғанына 60 жылға жуықтады. Стадион УЕФА талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан біздің сүйікті командамыз «Қайсардың» жанкүйерлерінің ұсынысымен жаңа стадион салуға шешім қабылдадық. Баршаңызға құтты болғай! – деді аймақ басшысы.

Шынында да, еліміздегі көптеген футбол клубтарының стадиондары ескі, әбден тозығы жеткен. Тіпті көбі 4-5 жыл сайын қайта күрделі жөндеуден өткізіліп жатады. Оған өзге мемлекеттердің жаңа стадион салатын қаржысына шамалас ақша жұмсалды. Сол сомаға неге облыс орталықтарына халықаралық стандартқа сай келетін стадиондар салып алмасқа?! Бұл аймақ жанкүйерлерінің де көптен көкейінде жүрген өзекті мәселе болатын.

Ал облыс басшысы айтқан екі стадионның бірі – 30 мың жанкүйер сиятын «Астана Арена», екіншісі – Түркістандағы 7 мың орындық «Түркістан Арена». Тіпті ел бойынша ұлттық құрама ойынын өткізуге лайық 2-3 стадион бар. Негізінен ойындар «Астана Арена» мен Алматының орталық стадионында өтеді. Қалған стадиондар ФИФА мен УЕФА талаптарының төменгі деңгейіне де сай келмейді.

Бұл ретте құны 20 млрд теңгелік жаңа стадион халықаралық талаптарға сай болмақ. Айталық, УЕФА ареналар үшін төрт санатты белгілеген. Оған сәйкес, 4-санатқа жету үшін, яғни ескі классификация бойынша 4 және 5 жұлдызды стадионға үлкен құрылым қажет. Нысан үлкен және егжей-тегжейлі тізімге сәйкес келуі керек. 2010 жылы УЕФА бекіткен ережеге сәйкес, 4-санат ең жоғары саналады. Мұндай стадиондар ең жоғары деңгейдегі матчтарды қабылдай алады. Сол жағалаудан салынып жатқан стадион осы УЕФА классификациясы бойынша 3-санатқа ие.

Көпбейінді нысан тұтас кешен ретінде қызмет көрсететін болады. Оған қоса, арена футболшылардың жаттығу залымен шектелмейді. Аумағы 7,5 гектар жерді алып жатқан стадионның жалпы ауданы 24,3 мың шаршы метр. Нысан 9 спорт залымен – аумағы 553 шаршы метр бокс залы, 342 шаршы метр күрес, 213 шаршы метр жаттығу залы, 134 шаршы метр ауыр атлетика залы, 213 шаршы метр футболшылардың жаттығу залы, 244 213 шаршы метр йога, 1 мың 213 шаршы метрден астам гимнастика-акробатика, 151 213 шаршы метр сауықтыру-денешынықтыру залдарымен қамтылады. Жаңа стадион Сыр спортына жаңа мүмкіндіктер мен жаңа жәністер сыйлайтынына сенім мол.

Жалпы, өңірдің спорт саласында жағымды жаңалықтар мен жарқын жетістіктер жетерлік. Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы мәліметінше, өңірде спорттық инфрақұрылымды дамыту, халықтың денешынықтыру және спортпен айналысуға деген сұранысын қанағаттандыру бағытында ауқымды жұмыс атқарылуда. Былтыр 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, қазіргі таңда оның 9-ы қолданысқа берілген. Биыл да жаңадан 11 нысан салынып, пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар, былтыр Сырдария өзенінің сол жағалауынан халықаралық талапқа сай жүзу бассейні бар көпбейінді денешынықтыру-сауықтыру кешенінің, үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды.

Облыс спортшылары биыл ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 254, Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарынан 54 медаль иеленді. ҚР ұлттық құрама командасына 690 облыс спортшылары енді. Сондай-ақ биылғы басты спорттық дода – Олимпиада және Паралимпиада ойындарына қазіргі таңда аймағымыздың спортшылары 4 жолдама иеленген.

Библиот СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

КӨПБЕЙІНДІ ҚЫЗЫЛОРДА АРЕНА СТАДИОНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ 358,2 МҢ ХАЛЫҚ САНЫ:

КӨПБЕЙІНДІ ҚЫЗЫЛОРДА АРЕНА



СҮЙІМДІЛІГІ: 10 000 АДАМ
ЖЕР ТЕЛІМІ: 7,5 ГЕКТАР
ЖАЛПЫ АУДАНЫ: 24 323,8 м²
НЫСАННЫҢ АУДАНЫ: 19 942,9 м²
ФУДКОРТ КАФЕ: 413,45 м² (260 ОРЫН)
СПОРТ ЗАЛ САНЫ: 9

БОКС 553 м²
КҮРЕС 342 м²
ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ 387 м²

АУЫР АТЛЕТИКА 134 м²
ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ 213 м²
ЙОГА 244,67 м²

ГИМНАСТИКА-АКРОБАТИКА 1151 м²

САУЫҚТЫРУ-ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЗАЛЫ 151 м²

АБАТТАНДЫРУ АУМАҒЫ: 8 455,2 м²
УЕФА КЛАССИФИКАЦИЯСЫ: 3 САНАТТЫ
ҚҰРЫЛЫС МЕРЗІМІ: 1 ЖЫЛ

/// 31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

БОЗДАҚТАР РУХЫНА БАС ИДІ

Облыс орталығында 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарих. Тағдыр. Тағзым» атты тағзым ету шарасы өтті.

Жергілікті зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, азаматтық қоғам мүшелері, этномәдени бірлестік жетекшілері, жастар көшбасшылары саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоғын қоюға жиналды. Олар ұлт мүддесін, елдің болашағы үшін күрескен асыл азаматтар мен есіл ерлерімізді бір минут үнсіздікпен еске алды. Тағзым ету барысында қатысушылар боздақтар рухына бас иіп, Сыр жұртшылығы атынан тағзым гүлін қойды.

Ұлт ұрпақтары атынан боздақтар рухына Құран бағышталды. Аға буын өкілдері жастарға мемлекетіміздің туын биік ұстап, бейбіт күніміздің қадірін бағалау және өткен күннен сабақ алу қажеттілігі туралы өсиет айтып тарқасты.

«СБ» ақпарат



ҚОҒАМ ТАЛАБЫ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Жаңғыру мен жаңаруға бет алған қоғамда мемлекеттік қызметке деген сұраныс талабы жыл сайын күшейіп келеді. Бұл ретте Президент бастамасымен кәсіби мемлекеттік аппарат құру және мемлекеттік қызмет аясын кеңейту жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп, тиімділігін таныта бастады. Өрбір қызметті оңтайлы әрі қолжетімді ету бағытында мемлекеттік қызметшілер табанды еңбек етуде.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер уақыт ағымына сай трансформация кезеңін өткеріп келеді. Себебі сан алуан қызмет қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Мәселен, туу туралы куәлікті алудан бастап азаматтың қайтыс болғаны туралы анықтаманы беру көрсетілетін қызметтің ауқымды екенін айғақтай түседі.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңға сәйкес кез келген тұлға қызмет алуға және қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығы бар.

Бұл ретте департамент тарапынан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына ерекше басымдық беріледі.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті облыс көлемінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып саналғандықтан, халыққа сапалы, қолайлы жағдай жасау, қызмет көрсету процестерін жетілдіру және қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмысты жүйелі түрде атқарып келеді.

Биыл департаментке мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша азаматтардың

30-ға жуық арыз-шағымы келіп түсті. Шағымдардың 90%-ы жер қатынастары және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты өрбиді. Арыздар қорытындысы бойынша 3 азаматтың шағымында көрсетілген дәлелдер расталып, құқықтары қайта қалпына келтірілді. Мәселен, сәуір айында Қызылорда қаласының тұрғыны департаментке жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту фактісіне қатысты шағым түсірген.

Аталған іс бойынша департамент Қызылорда қаласы әкімі аппаратына, қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміне тексеру жүргізіп, нәтижесінде Қызылорда қаласы әкімі аппараты мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқаны анықталды.

Енгізілген ұсыным негізінде бұзылшылықтарға жол бергені үшін Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жауапты маманының тәртіптік жауапкершілігі қаралып, қала тұрғынының өтініші қанағаттандырылып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Өз кезегінде, шағымданушыға ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін жер учаскесіне уақытша өтеулі жер

пайдалану (жалдау) құқығы жаңа мерзімге табысталды.

Атап өту керек, мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі мерзімінде көрсету нәтижесі, қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы – мемлекеттік аппараттың тиімділігін бағалаудың негізгі шарты.

Қоғаммен ашық қарым-қатынас орнату және шағымдарды дереу анықтау мақсатында биыл барлық өңірде мемлекеттік қызметтерді алу саласындағы мәселелерді жедел шешуге және қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу үшін QR-кодтары көрсетілген Telegram арнасы іске қосылды.

Жаңа арна арқылы азаматтар қандай да бір қызметті алу кезінде туындаған проблемалары бойынша шағымдарын ашық жолдай алады. Осылайша, қызмет алушылардың құқықтарын қорғау аясында департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын тиісті бақылауға жол ашады.

Біз әрдайым мемлекет мүддесіне сай мемлекеттік қызметтерді көрсету барысындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуына ерекше басымдық береміз. Алдағы уақытта да бұл мәселелер департаменттің жіті бақылауында болады.

Нұржан СҮЛЕЙМЕНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы

/// БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз конференциясында ауа райы болжамына байланысты ақпараттарды бөліскен Қазгидромет РМҚ облыс бойынша филиалы метеоболжау бөлімінің инженері Мағжан Сәдуақасов биыл елімізде аптап ыстық болмайтынын айтты.

МАУСЫМ АЙЫНДАҒЫ АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ?

– Қазақстанның басым бөлігінде шілде-тамыз айларында климаттық норма шамасында болады деп болжап отырмыз. Жазда бұрынғыдай +40+45 градус ыстық болады деп айта алмаймыз. Ауаның орташа айлық температурасы +26,9+28,9°C деп күтілуде, бұл нормадан 1°C жоғары, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, маусым айының бірінші онкүндігінде ауа температурасы түнде +14+19°C-тан +22+27°C-қа дейін, күндіз +30+35°C-тан +38+43°C-қа дейін біртіндеп жоғарылайды.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде +22+27°C-тан +15+20°C-қа дейін, күндіз +38+43°C-тан +30+35°C-қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендеуі мүмкін.

Ал үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде +15+20°C-қа дейін, күндіз +30+35°C-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасы түнде +15+20°C-тан +20+25°C-қа дейін, күндіз +30+35°C-тан +35+40°C-қа дейін ауысады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстігінде және оңтүстік-шығысында норма шамасында күтіледі.

Өткініш жаңбыр, найзағай бірінші және үшінші онкүндіктің соңында болады. Сонымен қатар, бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында шаңды дауыл болжанып отыр.

Жанерке МУСА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті



Суретшілер байқауы

Жасөспірімдер арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» атты суретшілер байқауы өтті. Байқауға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының суретшісі Дархан Ерленұлы, М.Қалауов атындағы қалалық өнер мектебінің суретшісі Эльза Смағұлова төрелік жасады.

Жарыс жеңімпаздарына қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев диплом және қаржылай сыйлық табыс етті. Барлық қатысушылар жарысқа белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Халық заңгері» акциясы

Аудандық оқушылар үйінде «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті.

Оған аудан прокуроры, әділет, кірістер басқармаларының, кәсіпкерлер палатасының, адвокаттар алқасының мүшелері мен аудан әкімдігіне қарасты барлық дербес бөлімдердің өкілдері қатысты.

Тегін құқықтық кеңес беруге арналған акцияға шалғай елді мекен тұрғындары онлайн түрде қатысты. Барлығы 20-дан аса азамат білікті заңгерлер мен тәжірибелі мамандардан тегін құқықтық көмек алды.

Мұғалімдер арасындағы ашық турнир

Философия ғылымдарының кандидаты, профессор Мұстафа Матаев атындағы мұғалімдер арасында волейболдан аудандық ашық турнир өтті. Өйткені би кентіндегі М.Матаев атындағы №170 орта мектепте өткен шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысты.

Турнирге ауданның №№249, 70, 92, 266, 288 және М.Матаев атындағы №170 мектептерден 6 команда бақ сынады. Жеңімпаз командалар дипломдармен, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Су астын зерттеу жұмыстары жүргізілді

Жосалы кенті Мұратбаев демалыс аймағында су астын зерттеу және тазалау жұмыстары жүргізілді. Шара аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған.

Суға шомылу маусымы басталуына орай жүргізілген тазалау жұмыстарына облыстық төтенше жағдайлар департаментінің құрамында 5 адамы бар жедел құтқару жасағы, 1 техника, 1 маторлы-үрлемелі қайық жұмылдырылды.

Реквием сағаты

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Реквием сағаты» өтті.

Шараға аудандық мәслихат төрағасы Ө.Елеусінов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әлиев және зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, тарихшылар мен жастар қатысты.

Шарада тарихшылар, жазушы-қаламгерлер мен репрессия құрбандарының ұрпақтары сөз сөйлеп, нәубет жылдардағы оқиғаларға тоқталды.

Музыкалық-лирикалық қойылым

Ауданға алғаш рет гастрольдік сапармен келген Қызылорда қалалық «Жастар театры» «Сезімді қайтейін?» музыкалық-лирикалық қойылымын сахналады. Қойылымнан соң аудан әкімі Берік Сәрменбаев театр ұжымына шығармашылық табыс тіледі. Театр директоры Нұрмат Мансұрға Алғыс хат табыс етті.

Өз кезегінде Н.Мансұр дербес ұжым ретінде өнер көрсете бастаған театрға қолдау көрсеткен сырдариялықтарға ризашылығын жеткізді.

Ауыл тұрғындарымен кездесті

Аудан әкімі Нұржан Ахатов «Сұлутөбе», «Майлытоғай», «Тартоғай», «Қоғалы» ауылдық округтері тұрғындарымен кездесті. Тұрғындар «көгілдір отын», ұялы байланыс қызметтерінің сапасын арттыру, жедел жәрдем көліктерін жаңарту сынды көкейде жүрген өзекті мәселелер бойынша сауалдарын қойды.

Жиын қорытындысында тұрғындар ауданда атқарылған жұмыстарға жоғары баға, ақсақалдар ақ батасын берді.

Балаларға базарлық

«Арман» мәдениет үйінде «Балаларға базарлық» атты салтанатты іс-шара өтті. Балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған жиынға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде есепте тұратын мүгедектері бар балалар қатысты.

Қызылорда қалалық мәдениет үйінің жанындағы «Сықырлы айна» халықтық қуыршақ театры «Күпия кілт» атты қойылымын қойды. Соңында балалардың ойлау қабілетін арттыратын сыйлықтар табысталды.

«СБ» ақпарат

ТҮРҒЫНДАРҒА ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Мамырдың 13-31-і аралығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен Байқоңыр қаласы мен Қазалы ауданы тұрғындары жылжымалы медициналық кешен арқылы онкологиялық скринингтен және профилактикалық тексеруден өтті.

Мобильді бригада құрамында онколог, ультрадыбыстық зерттеу, сауалдық диагностика дәрігерлері, рентгенолог және т.б. мамандар болды.

Бірінші күні Байқоңыр қаласында дәрігерлерден 80 тұрғын кеңес алса, маммографиялық зерттеуден 80 әйел өтті. Оның ішінде МӘМС жүйесінде сақтандырылмағандар саны – 15. Ал тексерістің екінші күнінде дәрігер нұсқаулығымен 42 тұрғын УДЗ, 41 тұрғын КТ зерттеуінен тегін өткізіліп, онколог дәрігердің қабылдауында 34 тұрғын болды. Осы ретте 4 тұрғынның МӘМС жүйесінде сақтандырылмағанын айта кетейік. Сонымен қатар 90 әйел маммографиялық зерделеуден өтті.



бағытындағы ақпараттар ұсынды, сауалдарына жауап берді.

Қазалы ауданында онколог дәрігерден 37 тұрғын кеңес алса, маммографиялық зерттеуден 4 әйел өтіп, дәрігердің нұсқаулығымен 19 тұрғын УДЗ-ға, 17 тұрғын КТ-ға тегін түсті. Бұл қатерлі ісіктерді ерте сатысында анықтап, алдын алуға мүмкіндік береді.

Аудан орталығынан алыс ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет пен жәрдем ұсыну – денсаулық сақтау саласының басты міндеттерінің бірі десек, мәселені шешудің оңтайлы жолы – жылжымалы медициналық кешен қызметін пайдалану.

Қазір облыстық онкология орталығының «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы алынған жылжымалы медициналық кешені Байқоңыр қаласынан бастап барлық ауданда қызмет көрсетуде.

Екі көліктен тұратын жылжымалы медициналық кешен томосинтез функциясы бар сандық маммографиялық жабдықпен, сарапшылық деңгейдегі ультрадыбыстық жүйемен және жоғары дәлдікпен зерттейтін компьютерлік томографпен жабдықталған. Екі құрал да Жапонияда жасалған. Мұндай кластағы және конфигурациядағы медициналық жабдық Қазақстанда алғаш рет қолданысқа беріліп отыр. Осының арқасында елді

мекен тұрғындары ауылдан алыстап шықпай-ақ, аталған аппараттарға тегін түсіп, өзге де қызмет түрлеріне жүгіне алады. Сондай-ақ МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған мәртебесі бар тұрғындарға еш келергісіз тексерілуге мүмкіндік береді. Кешенде мүмкіндігі шектеулі жандарға да барлық жағдай жасалған.

«СБ» ақпарат

Аймақтағы күрделі отаның көбі облыс орталығында жасалады. Басы ауырып, балтыры сыздағанның емі іздеп келетін бастапқы нүктесі де Қызылорда қаласына айналған. Кейінгі оңалту ем-шарасы үшін шалғай аймақтан ағылатын ағайын қаншама?! Бұл үрдіс бір жағынан шаһардың саладағы салмағын білдірсе, көлеңкелі тұсы аудандардағы медициналық әлеует балансының бұзылуына өсер етіп отыр. Олай дейтіміз, науқастар қалаға келуге шығындалып, аудандарда маман тапшылығы туындауда. Міне, осы мәселені шешу үшін аудандардағы денсаулық сақтау саласын жүйелеу, қолжетімді медициналық қызметті қалыптастыру күн тәртібіне көтерілді. Түрлі жоба жүзеге асып, ілкімді бастама жарық көрді.

Жағымды жаңалық Арал ауданында да жетерлік. Әсіресе, биыл сапалы дәрігерлік қызметпен қамтамасыз ету үшін жасалған жұмыс көп. Жаңа бөлімше құру, ауыл-аймақтағы амбулатория құрылысы, маман тапшылығын шешу қолға алынды. Мұның сыртында құрал-жабдық түгелдеу, мен тәжірибе алмасу тағы бар. Ендеше, аудандағы салаға қатысты салмақты өзгерісті ретімен баяндайық.

АРАЛ: БАСТЫ БАЙЛЫҚҚА БАЙЫПТЫ КӨЗҚАРАС

КАРДИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИНСУЛЬТТИК БӨЛІМШЕ: КӨП КҮТКЕН КӨМЕК

Арал қаласы мен аудандағы ауылдардың арақашықтығы алыс екенін көп айтамыз. Қайталамасқа болмас, себебі былайғы жұрт мәселенің тым өзекті екенін ұғынса дейміз. Мәселен, кей елді мекен аудан орталығынан 400 шақырымға дейін алыс жатыр. Ондағы тұрғындарға Қызылордаға қатынау тұрмақ, аудан орталығына келудің өзі жұмыс. Ал жедел көмек алу қажет науқастардың жайын бағамдай беріңіз. Сондықтан ауданда шұғыл медициналық қызметке мұқтаж адамдарға жағдай жасау қолға алынды.

Соның бір дәлелі – Арал қаласынан кардиология және неврологиялық бөлімшенің ашылуы. Мұнда жүрек-қан тамырлары ауруларының профилактикасы, отадан кейінгі оңалту жүргізіледі. Бұған дейін тұрғындар мұндай қызметті пайдалану үшін облыс орталығына баратын. Енді алысқа сабылмай, аудан орталығынан алаңсыз ем алуына мүмкіндік туды.

Жалпы бөлімшенің ашу «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында жүзеге асты. Бастапқыда нысан жетіспеушілігінен бөлімше жұмысын бастау 2024-2025 жылдарға жоспарланған болатын. Алайда сала жетекшілері мен аудан әкімдігі мәселенің шешімін тауып, аудандық аурухананың әкімшілік бөлімі орналасқан ғимаратты бөлімше жұмысын жүргізу мақсатында босатуға уағдаласқан. Осылайша әкімшілік бөлімін «А.Байтұрсынов» ауылдық емханасының бір бөлігіне көшіріп, ал бөлім ғимаратының орнына кардиология және неврологиялық бөлімшелері ашылған.

Бүгінде осы екі бөлім жүйелі жұмыс істеуде. Бір айда тоқсаннан аса науқас ем алады. Қажетті медициналық құрал-жабдық, мамандар толық қамтылған. Болашақта бөлімшелер үшін арнайы ғимарат салынса, бұдан да көп науқасты қабылдауға, дәрігерлер құрамын кеңейтуге болады, – деді Арал ауданының бас дәрігері Бауыржан Қуанышбаев.

Дәрігер мысалға келтірген жаңа ғимараттың бой көтерер уақыты алыс емес. Бүгінде құрылыс жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жіберілген. Құрылыс құны мемлекеттік сараптамадан шыққан соң айқында-

Аралдықтар бөлімшенің қазіргі күйіне де риза. Бастысы, медициналық көмек сапалы. Мамандар әрбір науқасты жіті бақылап, ахуалы жақсаруына жағдай жасауда. Тұрғындар тарапынан дәрігерлердің жұмысына көңіл толды. Орайы келгенде бөлімшеде ем алған Кеңес қария мамандардың кәсіби білігіне жоғары баға беріп, алғысын жеткізді.

– Жасым 70-тен асты. Ауру қысып, аурухана есігін жағалағалы көп болды. Ем-домды алу үшін Қызылордаға әрі-бері баруға күш кем. Көптен бөлімше ашылса деп сұраған едік. Міне, ел тілегі назарға алынып, бүгін бөлімшеге келдім. Дәрігерлер құрамына алғыстан басқа айтарым жоқ. Жоғары деңгейде қызмет көрсеткені көңілден шықты, – деді Кеңес Иманәлиев.

ҒИМАРАТ ТАПШЫЛЫҒЫ – САЛАҒА САЛМАҚ

Аудандағы медициналық нысандардың жетіспеушілігіне кеңінен тоқталайық. Жалпы, Аралда салаға қажет ғимарат жетіспеушілігі бұрыннан бар мәселе. 2018 жылы заманауи үлгідегі аурухана ғимаратының пайдалануға берілуі саладағы салмақты азайтады деген үміт болған. Алайда жан-жақты қаралмаған жобаның шикілігі шығып, мәселе күн айналып қайта келді. Мысалы, жаңа нысанның құрылысын жоспарлау кезінде апатты жағдайда тұрған жұқпалы аурулар бөлімшесі ескерусіз қалған. Салдарынан араға 6 жыл салып, тақырыпқа орылуға тура келді. Себебі халық саны өсті, емделуші саны артты.

Басшылық 1989 жылы салынған ескі бөлімше ғимаратының жайын ескеріп, жаңасын салуға әрекет етуде. Соған орай, жұқпалы аурулар ауруханасын қайта салуға ұсынын жасалған. Қазіргі таңда орталық аурухана жанынан 1 гектар жер телімі беріліп, жоба-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамада жатыр. Бас дәрігер жақын арада жағымды жаңалық болады деген үмітін жасырмады.

– Аудандық аурухананың негізгі бөлімі жанадан салынған ғимаратқа ауысуына байланысты жұқпалы аурулар бөлімшесі ғимараты бұрынғы орнында қалды. Бүгінде бөлімше ғимараты аудандық аурухананың ескі аумағында орналасқан. Мұнда емделушілер жыл сайын артып келеді. Жаңа нысан салуға жоба-сметалық құжаты



Алдағы уақытта көруі нашар сырқатқа офтальмохирургия бейні бойынша ота жасау қолға алынбақшы. Қазір офтальмологиялық сырқаттар үшін микрохирургиялық отаға қажетті құрал-саймандарға тапсырыс беріліпті.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

Қала түсінікті, құрал жетпесе, келеді, маман тапшы болса, алдырар. Алайда Арал үшін ауданның саладағы көрсеткішін көтеру алдымен ауылдағы медицинаны дамыту арқылы ғана жүзеге аспақ. Осы мақсатта елді мекендерде медициналық бекет пен амбулаториялар салу ісі қарқын алған. Іс ауқымын өткен жылғы жұмыстан байқау қиын емес. 2023 жылы аудан орталығынан алыс қоныстанған «Бөген» және «Қызылжар» ауылдарына дәрігерлік амбулатория салынса, «Көктем» елді мекеніне облыстық қазынадан жаңа типтік жобадан медициналық бекет бой түзеді. Әрбір амбулатория құны 400 млн теңгеден асып жығылады. Қажетті медициналық құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ жедел жәрдем көмегін жолға қою, дер кезінде көмек көрсету үшін санитарлық автокөлікпен қамту жіті назарда. Бұл бағытта түрлі деңгейдегі бюджеттен қаржы қаралып, ауыл-аймақ талабы ескерусіз қалмағаны ұқсайды.

«Жедел жәрдем көлігі елді мекендерге ауадай қажет. Сондықтан жыл сайын аудандағы денсаулық

Ал биылдан күтер жаңалық қайсы десек, Тоқабай ауылынан дәрігерлік амбулатория салу жобасын атақ болар. Емдеу мекемесі жыл соңында ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бастама соңына жетсе, ауыл халқының денсаулық сапасын арттыруға мүмкіндік ашылады деген сөз.

МАМАН ӘЗІР БОЛСА...

Саладағы өзекті мәселенің бірі – маман тапшылығы. Бас дәрігердің сөзінше, бұл олқылық ауданда да байқалады. Маман аз, кадрдың жас көрсеткіші ұлғаюда. Қажетті қызметкердің жоқтығынан зейнетке шықса да жұмыс істеуге мәжбүр маман көп. Бүгінгі меже – 20-ға жуық дәрігерді жұмысқа тарту. Бұл бағытта Бауыржан Мұратбекұлының ықпалымен Ақтөбе қаласындағы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің бітіруші түлектерімен келіссөздер жүргізілген. Нәтижесінде, 6 жаппы тәжірибелі маман ауданға келіп, сырқат жандардың сауығуына сеп болады деген үміт бар. Бұған қоса, анестезиолог-реаниматолог, офтальмолог, оториноларинголог, неонатолог сынды дәрігер мамандар резидентура бойынша білім алады.

– Аталған мәселе ауданда емес, елімізге ортақ жағдай. Тек әр өңірдің олқылықты шешуге байланысты әлеуеті сан қилы. Біз өз кезегімізде жергілікті мамандарды жұмысқа орналастыру, өңіраралық келісімдер арқылы жастарды үгіттеу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру арқылы нәтижеге қол жеткізуге тырысуымыз. Жоғары оқу орындарымен келісім-шарт жасап, мамандардың алдығын легі келуде. Аудан орталығының қала статусы болуына орай жас мамандарды «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етуге қол жетті. Сондай-ақ аудан әкімдігімен бірлесе қызметтік үймен қамтудың балама жолы да қарастырылуда. Сондықтан маман тапшылығы мәселесінің шешілер сәті алыс емес, – деді бас дәрігер.

Өңгіме барысында білікті маман ЖОО-мен байланыс тек қызметкер санын ұлғайту үшін емес екенін ұқтырды. Айтуынша, травматологиялық сырқаттарға жедел оталар ауданда жүргізілгенімен, кейбір күрделі отаны жасау үшін науқасты облыстық көпбейінді ауруханаға жіберуге мәжбүр. Бауыржан Мұратбекұлы осы мәселені шешу үшін дәрігерлердің білімін жетілдіруге маңыз беруде. Қазірдің өзінде бір топ дәрігерді Ақтөбе қаласында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті базасында резидентурадан білімін жетілдіруге жіберген. Оған қоса бұрын ауданда жасалмаған оталарға қажетті металлоконструкцияларды алып, жергілікті жерден жасалатын ота санын арттыруды мақсат тұтқан.

– Офтальмологиялық сырқаттар үшін микрохирургиялық отаға қажетті құрал-саймандарға тапсырыс беріп, ауруханаға жеткізуін күтудеміз. Микрохирургиялық ота жасауға маман дайындалып, жыл соңына дейін көруі нашар сырқатқа офтальмохирургия бейні бойынша оталар қолға алынатын болады, – деді ол.

Маман мәселесін шешу саладағы салғырттық пен қателікті шешеді. Нәтижеге де бастар қадам осы. Мысалы, биыл облыстағы ана өлімі 5,7 есе, сәби өлімі 13,4%-ға төмендеді. 2023 жылдың қорытындысымен 3 негізгі медико-демографиялық көрсеткіштің нысаналы индикаторына қол жетті. Өткен жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 52,1 млрд теңге қаралып, 23 медициналық нысан салынды. Мұның бәрі дұрыс стратегиялық жоспардың жемісі екені анық.

Айта кетерлігі, ауданда медициналық мекеме ғимараттарының жылыту жүйесін табиғи газға ауыстыру қарқын алған. Осы жылдың өзінде Жақсықылшы ауылдық дәрігерлік амбулаториясы, психоневрологиялық диспансер және «А.Байтұрсынов» ауылдық емханасы ғимараттарының бу қазандықтары табиғи газға көшті. Ендігі кезекте «Сексеуіл» және «Шижаға» елді мекендері тұр.



Айта кетерлігі, ауданда медициналық мекеме ғимараттарының жылыту жүйесін табиғи газға ауыстыру қарқын алған. Осы жылдың өзінде Жақсықылшы ауылдық дәрігерлік амбулаториясы, психоневрологиялық диспансер және «А.Байтұрсынов» ауылдық емханасы ғимараттарының бу қазандықтары табиғи газға көшті. Ендігі кезекте «Сексеуіл» және «Шижаға» елді мекендері тұр.

ҚҰРАЛ ҚОЛДА БОЛСА...

Байқасақ, аралдық «ақхалаттылардың» кәсіби тәжірибесі толысуда. Жыл сайын жаңа жоба, ай сайын күрделі ота жасалғаны туралы ақпар БАҚ пен әлеуметтік желіде тарауда. Мұндай нәтижеге қызметкерлердің білім деңгейі ғана емес, материалдық-техникалық базаның қалыптасуы сеп болғандай. Бір ғана мысал, аудандық аурухананың эндоскопия бөлмесіне «Олимпус Эвис X1» эндоскопия құрылғысы алынып, алғаш рет видео-колоноскопиялық зерттеу жүргізіле бастады. Бұл соңғы үлгідегі видео-құрылғының NBI режимі жай көзге білінбейтін ісіктерді ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді екен. Бүгінде асқазан-ішек жолдарынан осы видеоэндоскопиялық жолмен қан тоқтатуды қолға алған. Аудандағы күрделі оталар МӘМС шеңберінде тегін жасалауда екен.

Ұжым жетістігіне бас дәрігер, білікті маман Бауыржан Мұратбекұлының қосқан үлесі зор. Оның бас-тамысымен көптеген күрделі ота сәтті жүзеге асып, сан науқас аяққа тұрды. Әсіресе, холангиостомия, ТАРП тернопластикасы, кернеусіз және комбинирленген пластикасын жүргізуде маманның тәжірибесі орасан. Дәрігерлердің жатырдан тыс жүктілік және лапароскопиялық түбэктомия сынды отаны сәтті жасауына жағдай туғызғаны өз алдына бөлек жетістік.



лып, қаражат көзі республикалық бюджеттен қаралмақ. Әйтсе де бас дәрігердің сөзінше, жобаның болжамды құны – 1,1 млрд теңге.

Мұндай ауқымды сома нәтижені талап ететін сөзсіз. Егер керекті қаржы бөліне, жоғарыдағы аталған бөлімшелермен қатар, аудан халқының мұқтажлығын туғызып тұрған ангиограф және магнитті резонансты томография құрылғысын алу жоспарланып отыр. Осы құрал-жабдықтар алынған жағдайда жүректің аз инвазивті коронаграфиясы секілді манипуляциялар жергілікті аурухана көлемінде жасалады деген жоспар бар.

әзір, мемлекеттік сараптамаға жолданды, – деді Бауыржан Қуанышбаев.

Осы мәндес мәселемен өзге емханалар кезіккен. Мысалы, қалада «Абай» ауылдық емханасы бар. 20 мыңға жуық тұрғынға алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Маңыздысы сол, халықтың 80 пайызы шаардағы теміржол жүйесінің «арғы бетінде» қоныстанған. Емдеу орны сондағы халықтың теміржолдан өтпей, қойлайы қызмет алуын қамтамасыз етуі тиіс. Дегенмен, 60 жылдан астам тарихы бар нысанда қайбір қойлайы жағдай жасауға болсын. Тұрғындар

P.S. Есте болса, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнзаровпен кездесуде саланың жай-жапсарын айта келе, алдағы жоспарға тоқталған болатын.

«Медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасының нығайтуына, тапшы кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөліп келеміз. Заманауи жаңа ғимараттарды ел игілігіне тапсытап, медицина қызметкерлерінің жылы да жайлы жұмыс орнында халыққа сапалы қызмет етуі үшін барлық жағдай жасалауда. Биыл 5,5 млрд теңге қаржы бөлініп, 5 медициналық нысан құрылысы жүргізілуде, оның 2-еуі пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 11 нысан құрылысына сатып алу конкурсы жарияланды», – деген болатын.

Демек, саладағы серпіліс әлі алда. Әсіресе, аудандардың денсаулық сақтау бағытындағы толымды өзгерісті енді басталмақ. Бұл ретте Аралдың ісі жүйелі, жоспары күш ілгері екені қуантанды.

**Еркін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»
Қызылорда– Арал–Қызылорда**

/// 31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қазақстан орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі 1928 жылдың 5 қыркүйегінде «Ірі байлардың мал-мүлкін көмпескелеу туралы» қаулысын және Қазақстандағы барлық батырақ, кедей, орташаларды ақсүйек байлардың мал-мүлкін алып, өздерін жер аударуға белсенді кірісуге шақырған хатын жариялады.

Көмпескелеуді жүргізу жөніндегі директиваларда оның маңызы атап көрсетілді. «Бір уақыттағы іс-шара ретінде жүргізіліп, қысқа мерзімде ауылдың жартылай феодал байларының ықпалын болдырмай тастау. Қулақтар мен байларға шабуыл ұзақ уақытты іс-шара болып табылады. Ол ЖЭС-ке негізделіп, батрақ-кедейлер мен орташалардың қулақтар мен байларға қарсы аянбай күресуі арқылы жүргізілуі тиіс». Декреттегі көрсетілген цифр 700 ірі шаруашылықты көмпескелеу, «ықпалын болдырмай тастау» мәселесін шеше алмайтын еді. Халықтың аздығын есепке алғанның өзінде осы шаруашылықтардың көмпескеленуі ауыл мен селодағы үлкен ауқымдағы жаппай экспроприациялаудың алғышарты болды десек қателеспейміз.

Директиваға сәйкес «көмпескелеу жалпы байларға қарсы емес, ауылда өзінің ықпалы арқылы патриархалды жартылай феодализм қалдықтары мен рулық қатынастарды қолдайтын байларға қарсы қолданылады», делініп көмпескелеу тәртібін біршама тежеу қарастырылды. Мәселен, көмпескелеуге үй бұйымдары, сонымен қатар күнделікті ішіп-жем тағамдары кірмеді. Ақцияны қысқа мерзімде 1 қыркүйек декрет жарияланған күні бастап, 1 қарашада барлық процесті жер аудару мәселесін қоса отырып бітіру көзделді.

Сырдария округіне өлкелік өкіл ретінде сол кездегі Қазақ АКСР ХКК төрағасы Ораз Исаев жіберілді. Округ бойынша көмпескеленетін шаруашылықтардың жалпы саны 1-категория бойынша 80-ге жетті. Бұлар «ірі бай, жартылай феодалдар еді» және 2-категория бойынша 9 шаруашылық «бұрынғы ерекше лауазымды топтарға жататын, антикенттік қызметтерге байланысы барлар» болатын. Көмпескелеуді барынша қысқа мерзімде өткізу және шаруа қожалықтары тарапынан қарсы әрекеттерді болдырмау мақсатында, тізімді құруды тікелей жергілікті жерде өткізу міндеттелді. Қорытынды тізім БК(б)П Өлкелік комитетінде бекітіліп, оған дейін округтік және аудандық комиссиялардың, кедейлер мен батрақтардың жалпы жиналысында сайланатын көмектесу комиссиясында (комиссия содействія) талқыланатын. Көмпескеленген малды бөлу «...ағы жоқты атып қамтамасыз етіп, сиыры жоққа сиыр беріп (түйесі жоққа да солай), ал ұсақ малға келсек, жеке шаруашылыққа 10 қойдан үлестіру дұрыс (ірі қара мал алмағандарға)» деп есептелді. Көмпескеленген мүлік байдың туыскандары мен достарына берілмеуі атап айтылды, сонымен қатар «кенес немесе партия аппаратында жұмыс істейтіндердің мал алуына» жол берілмеді, партия мүшелеріне, батрақтар мен кедейлерге бұл тек жалпы негізде ғана мүмкін болды. Округтік комитеттер партиядағыларға қатысты ешқандай артықшылықтың болмауын қадағалауға тиіс еді.

Қызылорда округі аудандарындағы көмпескелеу әу бастан-ақ директивамен қарама-қайшылықта болды. Ауылда жартылай феодалдық, патриархалдық рулық қатынастарды сақтап отырған ірі байлардың мүлкін көмпескелеу және жер аудару комиссиясының отырысында Арал ауданында көмпескеленетін шаруашылықтардың тізімі дер кезінде құрылмағаны атап өтілді. Комиссия жұмыс барысындағы қиын жағдайларға байлар тұратын жердің жақын емес екенін, байдың мүлкін бөлуде заң жоқтығын, бұл мәселенің шиеленісіп жеткенін айтады. «Бай шаруашылықтарын бөлу мәселесінде нақты шешімнің жоқтығы, байдың туыскандарының малын дұрыс көмпескелеуге апарып отыр» делінген.

«Осылай 1928 жылдың 20 сентябрінен округтік комиссия мәжілісінде Букарбай ұлы – мәжіліс төрағасы, Коболов, Қарақожа ұлы – хатшы, Кубатсыб, Сары ұлы, Жана Жантуар ұлы (құжатта осылай жазылған) қатысуымен осы жылдың 16 сентябріндегі округтік комиссиясының 7-санды хаттамасының 1-бөлімін өзгерту туралы мәселе қаралып, округтегі Қармақшы, Қазалы, Теренөзек, Қарсақбай және Арал аудандарындағы ықпалды байларды көрсетілген мінездемелер бойынша 2 топқа бөлініп, 7-санды хаттаманың конфискации, қоныс аударуы туралы қаулы қабылданды.

Айтар болсақ, Қармақшы ауданынан 1-топпамен Баймақан Жиенбайұлы, жасы 60-ға, малы – 300 түйе, 300 жылқы, 2000 қой, дүние-мүлкі – 3000 сом, төлеген салығы – 3892 сом 5 тиын. 7-ауылдан бай – Нажимдин Бекенұлы,




Фото: Алина Әбдіқалиева

КӨМПЕСКЕ: ХАЛЫҚТЫ КҮЙРЕТКЕН НАУҚАН

жасы 30-да, дәулеті арылмай келе жатқан бай, малы – 156 түйе, 25 жылқы, 700 қой және дүние-мүлкі – 1000 сом, тартқан салығы – 2500 сом 45 тиын. 6-ауылдың байы Бесжат Абдулла ұлы, жасы 40-та, зор атаның баласы болумен қатар арылмай келе жатқан бай, малы – 300 түйе, 50 жылқы, 300 қой және дүние-мүлкі – 100 сом, тартқан салығы – 1937 сом 25 тиын.

2-топпамен 5-ауылдың азаматы Қазакбай Байдар ұлы, жасы 35-те. Тартқы жуан жұдырықтың баласы, әкесі Қабылан Кенес уақытында 2 жыл ұрлық істеген, зорлықшы, кісінің малын алушы, малы – 60 түйе, жылқысы – 70, қойы – 2009 және дүние-мүлкі – 1000 сом. Тартқан салығы – 36 сом 80 тиын».

Келтіріліп отырған көмпескеленген мүліктер тізімінде киіз үй, кілем, текеметтер бар. Осы орайда аталған мүліктің декрет және директивалар арқылы рәсімделмегені (рұқсат етілмегенін) айту керек. Әрі қарай құжатта «Байлардың көмпескеленген малы мынадай жолмен бөлініп берілді: байлардың өзіне ірі қара малға шаққанда 16 бастан, 4 артельге, ірі қара малға шаққанда 181 бас, оның ішінде 450 қой мен 150 ешкі, ал қалғаны ірі мал, яғни түйе, жылқы және сиыр, осының бәрі артельдерге теңдей үлестіріліп берілді. Көмпескеленген малдың қалған бөлігі 105 батрақ пен кедейге, әрқайсысына ірі қара малға шаққанда 5 немесе 6 бастан бөліп берілді» делінген. Бұл жерде көмпескеленген малдың ауылдан жүздеген, тіпті мыңдаған шақырым қашықта болуына қарамай тездетіп есепке алынуы осы мәселедегі шалағайлықты көрсетіп тұрғандай.

Қызылорда округтік комитеті секретариатының құпия мәжілісінде көмпескелеу компаниясын жүргізу барысында жіберілген жетімсіздіктер мен қателіктер айтылды. «...Ірі байлардың кезінде жер аудармау, көмпескеленген малды бөлу кезіндегі жайбасарлық, Қармақшы ауданында көмпескеленген ірі байлардың белсенділік танытуына ешқандай кедергінің болмауы, олардың приговорларға кедей шаруаларды қосып жібергені, тек бірауылдан басқасы өтірік болып шықты. Приговорларда 6 жасар бала, ауылдан тыс жерлердегі аурусырқаулар қатыстырылды. Сонымен қатар халықтың психологиясына кері әсерін тигізетін үгіт-насихат жүргізіліп отырған». Осыған орай жазалау шаралары мынадай болды: «Аудандық атқару комитетінің ОАК төрағасы жолдас Қарақожаевқа және басқа да партия мүшелеріне байланысты барлық материалдар, осы және басқа да шалағайлықтарды жіберіп көзге түскендердің ісін партиялық жауапкершілікке тарту үшін округтік ба-

қылау комитетіне өткізу, облыстық прокуратураға тез арада өтірік құжаттар құрап, елден қол жинауға түрткі болғандар мен бастамашыларға қатысты қылмыстық істі бастау керек». Бұл арада осы мәселелерге қатысты, көмпескелеу барысындағы прокуратура өкілдеріне аудандық комиссия мен әсер ету комиссияларының арасында тек қосымша дауыс құқы ғана берілгенін айтуымыз қажет. Партиялық жауапкершілікке тартудың оперативтілігі таңғалдыралы, осылай аумақтық тексеру комиссиясы байлардың мүлкін көмпескелеу барысындағы немісқайлық пен партия бағытын дұрыс жүргізбегені үшін ОАК төрағасы Қарақожаев туралы барлық материалдарды секретариат мәжілісінен кейін 10 күннің ішінде талап еткен.

”

Көмпескелеуге жататын байлар малын толық немесе жартылай болса да сақтап қалуды көздеп, шаруашылықтарын бірнеше бөлікке бөліп, оны туыстарына таратып берді. «Бай Қонтаев Рахметтің 1700 ірі қара және 1190 ұсақ малы бар. Оның баласы малының біразын жасырып, Қарақұмға 14 жылқы, 38 түйе және 165 қой айдап бара жатқан жерінен ұсталды». Қызылорда округі бойынша тәркілеу жұмыстарының қорытындысы БК(б)П-ның округтік ұйымы тарапынан әртүрлі тұрғыда талқыланды.

Үгіт жұмысының белсенді атқарылуының мысалын Теренөзек ауданынан көруге болады. «...Халық толқулы, олардың қазіргі назары толығымен көмпескелеу туралы заң мен осыған байланысты атқарылып жатқан істер төңірегінде. Кедей қауымы үкімет тарапынан жүргізілген іс-шараларға барынша ықыласты. Барлық дерлік кедей жиналыстарында байлар мен атқамінерлер туралы мәселелер қарастырылып, оларды көмпескелеуге және жер аударуға жататындардың тізіміне қосу туралы бірауыздан шешім қабылданды. Басқа аудандар мен жалпы аймақ бойынша да осындай талап қойылууда. Көмпескелеуге тек ірі байларды ғана емес, сонымен қатар барлық атқамінер мен бұрынғы басқарушылардың писарыларын да ілкітіру».

Батрақтар мен кедейлердің белсенділігі басқа да қырынан көрінген жайлар болды. №3 ауылдың кедейлері өздеріне қажетінен едәуір көп шөп жинап көмпескелеуден түскен малдан дәмеліп, берілмеген малға қысқа дайындық жасады. Қазақ ауылы мен перселендік деревнядағы кедейлердің мұндай белсенділігін тек түсіндіру жұмыстарының қайтарымы деп ұғынбау

керек. Оның түбірі тіпті де тереңде жатқан сияқты. Ғасырлар бойы өмір сүріп келген шаруалар қауымдастығында, анығында, барлығы тани білген жекеменшік институты құралған жоқ болатын. Керісінше, өзбір қулақтың шаруашылығын жағып жіберу немесе шылыққан байдың малын айдап әкету тез қабылданатын.

Орташалар болса жоғарыда айтылған көмпескелеуге түсіп қалудан қорыққаннан бөлек, барынша күтүшілік позициясында үнсіз қалды. Дегенмен кедейлердің жиналысында белгілі бір жағдайда оларды қолдаған (жаны ашыған) сынай білдірді. Қайсыбір жағдайда орташалар кедейлердің жиналыстарында сөз сөйлеп, онда «байлар орташалардың шаруашылығына аз нұқсан келтіріп жатқан жоқ, олар барлық күшті жайылымдар мен егіс алқаптарын тартып алуға және өздерінің аталастары арасындағы ықпалын пайдалана отырып, орташаларды жеке мақсаттары үшін пайдалануда. Осылай №2 және №4 ауылдардың екі ортасы өз еркімен ықпал ету комиссиясына кіріп, кедейлермен бірге түйеге мініп Қостанай аймағындағы көмпескелеуге жататын шаруашылықтарға жеткізуге атсалысты». Орташалардың күтүшілігі мен үнсіздігі олардың меншікке деген салмақты, саналы көзқарасымен, оны құрау мен жинақтау үшін толықтай бір ұрпақтың еңбегі қажет екенін ұғынуымен түсіндірілсе керек. Ал кедейлер мен батрақтар болса, өз қарсыластарының әлсіздігін пайдаланып, оларды тіпті құртып жіберу үшін осы науқанға білек сыбана кірісті. Басқа да себептер ретінде көпшілігінің әлі жайлаудан

көшіп келе алмағаны, науқанның егін жинау мен шөп, пішен дайындау жұмыстарының қызған шағымен дәлме-дәл келуі айтылады. Әрине, өз шаруашылығымен әлек, жұмысбастан орта шаруаның әртүрлі жиналыстарға қатысуы мүмкіндігі болмайтын еді.

Тісінше бос уақыты мол, яғни өз шаруашылығы жоқ кедейлер мен батрақтар көмпескелеу жұмыстарына қызу атсалысты. БКПал ету комиссиясына мүше 10 батрақ уәкілмен бірге Қызылқұмнан екі байдың малын айдап келу үшін қиян даламен мыңдаған шақырым жер жүріп өткен. Теренөзек ауданындағы №3 ауылдың ықпал ету комиссиясының мүшелері байлардың малын алып келу үшін 200-300 шақырым қашықтағы жайлауға барып

ныңан ертті. Мұның өзі олардың жаппай партияға өтуіне өз еріктерімен көмектесу комиссияларына қатысуына, байларға барынша күшті шабуыл жасауына ұласып отыр. Осы арқылы рулық қарым-қатынас әлсірей түседі».

Әрине, бұл жерде берілген баға мен қорытулардың біржақтылығы және тым көтеріңкілігі көзге ұрып-ақ тұр. Байыбына барып анықтасақ, байлардың малын тәркілеудің шу дегеннен-ақ заңсыздыққа негізделіп, ұрда-жық әдістерге сүйенгені, сонымен қатар жекеменшікті жоюда оның түп негізіне тереңдемегені білінеді. Соңғысының тамырына балта шабу оны үш негізінен айырған еді: иелік етуден, пайдалану құқынан және жеке билігінен.

Сонымен жекеменшіктің алғашқы функциясы иелік етуден айыру тіпті де оңай шешілді. Байлардың мыңғырған малы батрақтар мен кедейлерге және ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыру тәжірибесі жоқ колхоздарға – ауыл шаруашылығы артельдеріне бөлініп берілді. Екінші функциясы пайдалану десек, оның көзі табылмай, тартып алынған малдың едәуір бөлігі бірден сойысқа кетті, олардың санын көбейтуді ешкім ойламады да. Осы үшін қажетті қора-қопсы салу, жем-шөп, құрал-сайман дайындау, сөйтіп жеке немере немесе ұжымдық шаруашылық жүргізуге машықтануға талпыныс жасамады. Пайдаланудағы тағы бір келенсіздік – кедейлер мен артельдердің малды жергілікті партия және кенес органдарының шешімдері негізінде алуына байланысты болды. Сол арқылы соңғылары шаруашылықты жүргізуде заңды бөлінен басып, өз білгенін істеді. Малды бөліп бере салысымен, ауыл шаруашылығы салығы қарызын өткеру үшін қойды қырку туралы өкім шықты. Күздің соңғы күндерінде атқарылған мұндай іс-шара отарларды қыстың көзі қырауда қырып салары анық еді. Жеке билік функциясының жоқтығы малды сатуға, келісім-шарт арқылы жалға беруге және т.б. әрекеттер жасауға тосқауыл болды. Ауылды орташаландыру 1928 жылдың қыркүйегі-қарашасы аралығындағы малды байлардан басқаларға айдап апарумен бітпеді. Мұндай қысқа уақытта әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бірден жүзеге аса қоймайтын. Ол үшін жаңа тұрпаттағы меншік иелерінің әлеуметтік-психологиялық тұрғыдағы дайындығы қажет еді, бұл әрине, ұзаққа созылатын процесс. Құжатта әрі қарай округком кампания жүргізудегі кемшіліктер ретінде «...байлардың шаруашылықтарын бөлу кезінде көзбояушылықтың көп болғанын, тәркіленуге жататындардың рәсімделмей, округтен алыс жаққа көшіп кетуін, сонымен қатар байлардың батрақтар мен кедейлерді өз жағына тарту үшін жасаған қаскүнемдіктерін» атап көрсетеді. Байлардың бұл әрекеттері қайсыбір жағдайда жүзеге асып, батрақтар мен кедейлер тәркіленген малды алудан бас тартып, бай жағына шықты, осы арқылы оның малын жасыруға септігін тигізді. Әрі қарай орташалардың заманның аңды-сыңды қустаналанады. Арал, Қазалы, Шиели аудандарындағы жұмыстың нашарлығы, тіпті бей-берекеттігі атап өтіледі. Жұмыстың бар ауыртпалығы негізінен округком мен аудандық партактивке, жеке ұяшықтар мен жекеелеген партия және комсомол мүшелеріне түсіп отырғаны айтылады. Кемшіліктің бірі мал бөлу барысында оны тым мардымсыз немесе бөріне тең бөліп берілуі, сонымен қатар мал бөлу кезіндегі жемқорлық тәркілеу арқылы экономикалық пәрменділікке жетуге кері әсерін тигізген еді.

Зерттеліп отырған мәселеге байланысты қабылданған резолюцияда кампания жүргізілу ауқымынан асып түсетіндей қорытындылар жасалды. Бірінші пунктінде: «Ауылдық, партиялық және комсомолдық бастаушы ұйымдарын, байлардан және байлармен бірігіп өзі азғындаған, өзінің және партияның абыройын түсірген элементтерден тазарту. Партия ұйымын жұмысшылар мен батрақтар және көмпескелеу кезінде көзге түскен кедейлер белсенділерімен күшейту» туралы айтылады. Бұл арада саяси тактиканың маңызды элементінің қолданысқа енгені көрініп тұр, яғни сәйкес келмейтіндерді құрту, уақытша атып-асусыз, тек жағдайы төмен әлеуметтік топтарға сүйеніп орташаларға қарсы аңдысын аңду позициясында болу, оларды жағдайға байланысты не көтермеу, не қуғын-сүрінуге ұшырату. Резолюцияның соңында әдеттегідей округком мен ОКК-ге көмпескелеу кезінде партияның бағытын бұрмалаған коммунистерге тиісті жазасын беру тапсырылады.

Ұсынылып отырған іс-шаралар тізбесі мен кемшіліктерді жою әдістері, кампанияның бұдан да кен ауқымды қайта құруларға ұласатынын көрсеткендей.

С.БАКТОРАЗОВ,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университетінің
профессоры, «Дулатитану және
өңір тарихы» ғылыми-зерттеу
орталығының басшысы

Менің әкем 1945 жылы 18 қыркүйекте Жаңақорған ауданында өмірге келген.

Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Алматы Жоғары партия мектебінде оқыған.

Мен үйдің бесінші перзенті болып жарық дүниеге келген. 1974 жылы әкем Жаңақорған аудандық газетінде қызмет істейді екен. Жанар әкем отбасының тұңғышы, содан кейін үш ұл бір-бірінен соң бірі шетінепті. Әрине, бұл жас ата-ана үшін өте ауыр жағдай. Мен туғанда әкем анама: «Өлетін бала ма, қалатын бала ма?» – депті. Құдай пешенеме өмір жазыпты.

Әкем өнерге жақын адам, артистерді, әншілерді жақсы көреді. Менің атымды атақты әнші, композитор, актер Мәннарбек Ержановтай болсын деп ырымдап әрі туған інісі Әбжелдінің баласы Мұнарбек бауырыма ұйқастырып қойған. Ол менен бір жастай үлкен. Мұнарбек туғанда көкеміз Алматыда оқып жүріпті. Балаға аландамай оқуларын оқысын деп әкем Мұнарбекті кішкентай кезінен қолына алып өсірген. Екеуіміз бір үйдің баласындай болдық.

1976 жылы қарындасым Динара дүниеге келді. 1978 жылы біздің үйіміз Қызылордаға көшті. Мен қаладағы Ворошилов атындағы №3 орыс мектебінде оқыдым. Бұрынғы дәуірінде орыс мектебінде оқыған баланың келешегі жарқын болады деген түсінік бар еді. Советтік салтпен әкемізді «папа» дедік, анамызды «мама» дедік. Кейін аңдап отырсақ, бұл атаулар түрік тіліне де жат емес екен.

Сол жылдары папам Сырдария аудандық газетінде қызмет етті. Бала күнімізден көргенім, папам жұмыстан келе асуақатын ішіп алып, өз бөлмесіне кіріп жазу жаза бастайтын. Түннің бір уағында тұрса да жазып отырған папамды көретін едім. «Әкелерің жұмыстан шаршап келді, мазасын алмаңдар» дейтін маман. Тым-тырыс бола қаламыз. Бала болып еркелеп шөлжаңдаған емеспіз. Оның есесіне папам мені жастайымнан еңбекке тәрбиеледі. Қаланың сыртында саяжайымыз болды, демалыс күндері сол жаққа кетеміз. Неше түрлі ағаш өсіріп, дақыл егеміз. Папам жеміс ағашының артық бұтағын қалай қырқалды, қанша мөлшерде суарды, бәрін кітаптағыдай қылып айтады. Соның арқасы шығар маман да, мен де бағбандықты меңгергенбіз. Осы кезде біздің есіктің алдының қоғалы мен басқасына көршілеріміз қызғыра қарайды.

Ал алтыншы класымнан бастап мылтық атуды үйрендім. Папам сенбі, жексенбіні асыға күтеді, аң мен балық аулау ол кісінің айнымас серігіндей еді. Бала болсам да қасына мені ертіп алады. «Бұл кезде қыргауылдың мекенінен атуға болмайды, бұл кезде балық ауылдырық шашады» деген сияқты тыйымдарды тусіндіріп жүреді. Жалпы, мен та-



ӘКЕМНІҢ ЖАҚҚАН ОШАҒЫ

(1996-2008 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы болып, ұжымды нарықтық экономиканың қиын кезеңдерінен алып шыққан реформатор басшы, білікті маман, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері, жазушы Жақсылық Рахматулла туралы әңгіме)



биғатты сүю сезімін бойыма папам арқылы дарыттым десем болады.

Папам санаторийлерге бара бермейді, ол кісінің ең жаппа демалысы – ауылға бару және табиғат аясы.

Осындай тәрбиемен ер жетіп, мектептен соң қазіргі Қазақ ұлттық, бұрынғы Қазақ мемлекеттік университетінің механика және қолданбалы математика факультетіне оқуға түстім. Мектепте математикадан сабақ берген мұғалімдер еврей, неміс ұлтының өкілдері еді. Білімі қауашағынды ашып қуйғандай, солардың арқасында есеп-қисапқа жетік болдым, университетте де қиналған жоқпын. Үшінші курстан соң папам өз қолымызда бол, үйлен деген соң оқуымды Қызылордада, Қоркыт ата атындағы университеттің

экономика факультетінде жалғастырдым.

Үйлендім, Ғалия екеуіміз бас қостық. Оқуымды бітіріп, облыстық көлік бақылау комитетіне жұмысқа тұрдым. Екі перзентті болған соң папамнан рұқсат сұрап, отбасыммен Астанаға көштім. Біздің үйде 1987 жылы өмірге келген тағы бір ұл Әнуарбек бар еді.

Мен Астанада мамандығыммен бір-екі жыл істеп, кейін келген қызметіме бардым. Сосын қызмет бабымен Жамбыл облысы кеден департаментінің Қордай бекетіне ауыстым.

2006 жылы Әнуарбек інім он тоғыз жасында көлік апатынан қайтыс болды. Осы оқиға бәрімізге, әсіресе ой мен сезімді жүрегіне жүктеген папама қатты соққы болды. Екі рет инсультке ұшырады.

2011 жылы папам бәріміздің басымыз бір шаңырақта болсын деп, Астанаға көшті. Мен де Қордайды қойып, жеке кәсіпке ауыстым. Қызылордалық досым Қуаныш екеуіміз бірігіп құрылыс жұмыстарына кірістік.

2012 жылы төрт қыздан кейін менің ұлым өмірге келді. Папам осы кезде немересіне Елжүрек деп ат қойып, баяғы күйіне оралғандай көңілді жүрді.

Әкемнің қашаннан да достары көп болатын, үйімізден қонақ арылмайтын. Маман алғашқы немересі Майса өмірге келгеннен мен енді немеремді бағамын деп зейнетке шықты. Ол кісі көп жыл облыстық перзентханада акушер-гинеколог болып еңбек етті.

Маман қонақ құтуға өте ыждағатты, бір-екі адам келетін болса да, той жасайтындай да-

йындалады. Алматыдан Қызылордаға келген ақын-жазушылар біздің үйге соқпай өтпейтін. Көбі есімде жоқ, ақын Иран-Ғайып папамды күйеубала деп қағытып, ойнап отыратын. Өткен Жаппархан, Айжарық Сәдібеков, Әскербек Рахымбекулы, Аскар Кіребаев, Махмұтбай Әміреев әкемнің ең жақын әріптес достары болатын. Ол кісілерді біз де өз әкеміздей көрдік.

Әкем облыстық «Сыр бойы» газетін басқарған жылдары нарық кезеңінің қиын тұсына тап келді. Сол кезде журналистер бір-бірін оятып жүріп, түнімен жұмыс істейді. Папам солардың еңбекқандығын қалай беремін деп тыным таппайтын. Сондықтан ақша табу үшін брошюра, анықтама қағаздарын шығаратын «Дария» деген қосымша шағын типография және аз тиражбен басылатын қосымша газеттер ашты. Сол кіші газеттерді сатып, пайдасын ұжымға жұмсады.

Бір жылдары типография жұмысы тоқтап қалып, газетті Шымкентке апарып бастырып жүрді. Газетке шыққан жарнамалардың ақшасын шаруашылықтар мен мекемелер астықпен, малмен төлейтін, соның есебінен айлық берілетін.

Қазіргі журналистика саласының беделді мамандары – Нұрмахан Елтай, Дүйсенбек Аяшұлы, Қаныбек Әбдуов, Қуат Шарабидинов, Әділжан Үмбет, Гүлжазира Жалғасова, Айнұр Батталова, Айнұр Тұңғышбаева әкемнің шәкірттері болды. Сол кезде жас мамандарды жұмысқа қабылдап, газет қызметкерлеріне барынша жағдай жасай білді.

Бұған дейін қолмен атқарылатын ескі баспахана жұмыстары 1998 жылы компьютер ауыстырды, тілшілер электронды пошта

қызметіне көшті. Ой жұмысы ауырлатқан қол жұмысын жеңілдетуге әкемнің көп ықпалы болғаны анық.

Осындай жанкешті еңбектің нәтижесінде «Сыр бойы» 2005 жылы жалпыұлттық журналистік сыйлық «Алтын жұлдыз» белгісімен марапатталып, 2006 жылы ҚР Президентінің БАҚ саласындағы грантын жеңіп алды.

Әкемнің баяғы түнімен жазып отыратын еңбектері кейін бірінің артынан бірі кітап болып басылды. Газет редакторы болып жүрген кезінде «Қолшатыр», «Алыстай берген аяулым», «Өмір самалы», «Болашаққа сенім», «Ғұмыр-дария» деген кітаптары шықты. Эстетикалық ой-сөзім өрнегін салған «Менсұлу» деген романы оқырманнан да, мамандардан да өте жоғары баға алды.

Әкем азан шақырып қойған атына заты сай адам еді. Жақсылық жасауға келгенде ойланбайтын. Экономика тұрақтай бастаған кезеңде ол кісі журналистерді еңбегіне қарай марапатқа ұсыну, оларға сыйақы беру мәселесіне кірісті. Бұл жөнінен ұжымның үнемі ризашылығын айтып жүретінін жақсы білемін. Сол кездері ұмытпаса, газет қызметкерлері жылына бес-алты рет сыйақы алатын. Сонымен бірге газетке шыққан жарнама есебінен журналистер «Мерке», «Жаңақорған» шипажайларына тегін демалысқа баратын.

Міне, осындай өз мамандығына адалдығының, іскерлігінің арқасында әкемнің «Сыр бойы» басқарған жылдары өте табысты, жемісті болды. Оған өзі де қуанатын. Жақсылық жасаудың өз ләззаты бар, әкем соны жақсы түсінетін. Бірақ, ол кісі алғанын айтып, бергенін ұмытып қалатындардың қатарынан. Әкемнің осындай дара қасиеттерін жақсы білемін, мен де сондай болуға тырысамын. Ол кісі біреудің кемшілігін айтпайтын, күліп қоя салатын. Қызмет болған соң қиянаты та болады, ондай кезеңдерді де бастан өткерді, бірақ соларды айта бермейтін. Қарны ашса да қадірі қашпаған кісі.

Біз, балалары, елге, ағайынға сыйлы болған әкеміздің атына кір келтірген жоқпыз. Жанар әкем әке жолын қуып, журналист мамандығын алды. Қазір де осы салада қызмет етіп жүр. Динара әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі.

Ата-анамыз бізді оқытты, қатарға қосты, енді сол асылдардың аманатына қиянат жасамай, ел ішінде еңбек етіп жүрміз.

Анам Айжамал үш перзентінен тараған он екі немере мен жиеннен он шөбере, жиеншар сүйіп, ұрпағының қызығын көріп отыр. Біздің ендігі мақсатымыз – анамыздың көңіліне алаң түсірмей, әкем жаққан ошақтың отын маздата беру.

Мәннарбек РАХМАТУЛЛАЕВ

АЗАМАТТЫҚ БЕЙНЕСІ АЙҚЫНДАЛА ТҮСУДЕ

Естисіз ол жайында сан аңызды, Танылған аймағына адам ізгі. Сыр елі әрқашан есте сақтар, Смайыл Кәрімбаев ағамызды.

Ұлы Отан соғысының ардагері майдан шебінде «Қызыл Жұлдыз», бейбіт күндері «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен көптеген медальдардың иегері Шиелі аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметін 30 жылдан асым үздіксіз атқарған Смайыл Сейітназарұлы Кәрімбаевтың есімін елі айрықша ардақтап, әрқашан зор құрметпен еске алады. Соның бір айғағы, биыл 7 маусымда елін сүйген, елі сүйген арда азаматтың 100 жылдығы аталып өтеді. Соғыс және еңбек ардагерінің аруағына бағышталып ас беріледі.

Осы мәдени көпшілік іс-шаралар қарсаңында Смайыл ағамыздың көзін көрген әріптес, іні, бауыр болған елге танымал азаматтардың ол кісі жайлы естеліктерінен үзінділер бергенді жөн көрдік.



қайраткері Қызылорда қаласының Құрметті азаматы:

– Адамды танып, білу үшін көп уақыт қажет екені белгілі. Бірақ білсе де, ол адам туралы баға беруде пендешілік пікірден аса алмай, жақсы сөз, жақсы пікірдің өзі сұранып тұрса да, оны ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға «сарандық» жасайтын әдемізді барын кімнен жасырамыз. Қадірлі Сәкең, біріншіден, үлкен тұлғалы азамат, қарапайым отбасының басшысы, ұл-қыздарының сүйікті әкесі, немере-шөберелерінің қимас та қайталанбас атасы, туған-туыстарының ақылман жетекшісі, Тәлтай апамыздың жан жары көңілден кетпес өмірлік серігі бола білген жан.

Екіншіден, ол кісі өмірдегі өз орнын тапқан мамандық ие-

сі – адам жанының шынайы инженері, адамдарды өздерімен ой бөлсе отырып, ортақ шешім шығара алатын психолог адам ретінде танылған тұлға. Үшіншіден, жас маман дайындаудың хас шебері, өз ісіне шынайы берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Сондықтан да болар бір орында, бір жерде, бір мамандықтың иесі болып табаны күрдейтін 40 жылға жуық, оның ішінде отыз жылдан астам уақыт

аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс атқаруы кез келген жұмыр басты пендеге бұйырмаған сенім. Смайыл аға үшін бұл тұрақтылық, сол ауданға медицина саласына басшы болар кадрдың, маманның берілген емшілердің ұстазы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленген адам еді.

Тұрғанбай Маханов, Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер, Қызылорда облысының Құрметті азаматы:

– Сәкеңді мен сонау 1961 жылдан бастап білетін едім. Сол жылы біздер Ақтөбе медицина институтының 4-курс студенттері өндірістік тәжірибе алуға Шиелі аудандық ауруханасына жіберілген болатынбыз. Ол кісі аудандық аурухананың бас дәрігері және оташы болып жұмыс атқарады екен. Мені сол 20 шақты студенттердің ішінен ота жасауға әрдайым көмекке шақырып алатын. Жаз айы. Сарысу өзенінің бойында қойшылардың жылдық тойы болатын болып, соған мені ертіп апарды. Сондағы көргенім, Смайыл ағаға

көптеген кісілер келіп сәлем беріп және жағалай тігілген өздерінің киіз үйлеріне шақырып жатты. Менің байқағаным, елдің ең сыйлы, абыройлы да ардақтысы болып көрінді. Кейін етене араласқан жылдары дәл солай екенін өмірдің өзі көрсетті.

Айтпағым, Сәкеңнің белсенді іс-қимылы Шиелі ауданының денсаулық саласын жетілдіруге арнаған қажырлы қызметтері ел есінде, бүкіл халықтың жадында сақталып келеді. Ол кісінің жеке басына айтылып жатқан сөздер мен әңгімелердің уақыт алыстаған сайын маңызы артып азаматтық бейнесі айқындала түседі.

Сайлаубай Әбішев, қоғам



Мақсұт ИБРАШЕВ

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға 2024 жылға арналған басым дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға 2024 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі және субсидиялар нормалары бекітілген.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «__»
№__ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы бойынша басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға 2024 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі және субсидиялар нормалары

№	Басым дақылдардың тізбесі	Өлшем бірлігі	1 тоннаға (гектар) Субсидиялар нормалары, тенге
1.	Мақсары	тонна	31 262,5
2.	Дәндік жүгері	тонна	20 021,75
3.	Жабық топырақта өсірілетін көкөніс дақылдары: (бір дақыл айналымы):		
	Жылғытылатын өнеркәсіптік жылыжай кешендері	гектар	9 281 263,8
	Фермерлік жылыжайлар	гектар	1 673 176,8

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

1931-1932 жылдары халық қолына таяқ ұстап қалуына байланысты шамасы келгені өзбек, қырғыз, тәжік, Ресейге бет бұрса, шамасы жоғы амалсыздан өз үйінде жан тапсыруға мәжбүр болған. Ашаршылық аудан көлеміндегі барлық елді мекен халқының қаншасын жалмап кеткені бір Құдайға аян. Бүгінде мына ауылда осында адам дәрменсіз, өз үйінде опат болды деген нақты дерек табу қиын. Сол заманды көзімен көргендер жок десе болады.

Кезіндегі «Майлық» елді мекенінің тумасы, марқұм Бесбаев естелігінде былай дейді: «Мен ол кезде 5-6 жаста едім. Етжақын ағайындар бір ауыл болып тұратын. Аталас туыстарымыз әрі көршілеріміз Ыбырай Тұрымов отбасындағы 11 жаннан 9 жас сәби түгел опат болды. Есімөтер отбасынан 10 жаннан ешкім қалмаса, Үсейін Досымов үйіндегі 9 жанның біреуі ғана тірі, ал Тұрғанбайдың 8 жанынан біреуі қалса, Барлықбайдың 6 жанынан бір өзі қалды. Қаражігіт ұстаның үйіндегі 8 жанның барлығы да опат болған деседі».

Қараөзек бойындағы «Қарарын» елді мекенінің тумасы, марқұм Ыбырайқызы Қатыраушан сол кезеңді былай еске алыпты: «Ашаршылықтың алғашқы кезі 1930 жылдары әкем бір-екі кара малды сойып, тұздап, қақтап, терісіне орап атарбамен барлық үйдегі жанды «Қараөзек» теміржол вокзалына әкеліп, пойызға мінгізіп, Марғұлдан қаласына жеткізді. Әкем елін-жерін сағынып, «Қараөзектің» лай суынан бір жұттып өлсем арманым болмас деп қоймаған соң, келсе ескі жұртта тірі жан қалмапты. Өлгені өліп, өлмегені босып кеткен екен. Аты есімде жоқ ел ағасы болған бір азамат өзі мен анасын көршінің бір кепкен тулағы аштықтан аман алып қалғанын айтатын».

«Ақжарма» ауылының 83 жастағы тұрғыны Меңдіғали Баршабаев қарт әкесінің естелігін былай жеткізеді: «Ауылдың 40 адамы өз үйінде аштан өлген. Ол ауыл орны



Сырдың суы 1929 жылы молынан тартылып, егістік жер азайып қиыншылық тудырған. Табиғат та қатал мінез көрсетіп, қолдағы малға жем-шөп қиындық келтіріп, серіктестікке жиналған мал қырыла бастайды.

бүгінгі Шіркейлі каналы мен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының қиыншындағы бұрыш еді».

«Шіркейлі» ауылындағы Мақаш Біләл ақсақалдың әкесінің айтуынша, 1933 жылы елде ашаршылықтың беті шамалы болса да қайтқан екен. «Кешке таман бауырына басқан 1-1,5 жасар баласы бар бір жас келіншек келіпті. Шешеме «апа, 3 тәулік болды нәр татқаным жоқ, балам да аш» дегесін үйдегі жандарға талғажау етіп отырған талқаннан бір кесе салып берген. Сол кезде үйдегі мысық ғыңызды беріңізіші» деп қиылған соң, көңілін қимай беріп жіберді. Мен үйде жоқ едім. Сол келіншектің кеткен бағытымен іздеп барсам, шеткі бір бос үйдің есігінің алдында мысықты таспен ұрып өлтірмекші екен, зорға дегенде арашалап алып қалдым» деген екен.

Бүгінгі «Іңкардария» ауылына барар жолдың сол қапталында 145 шақырымдай жерде «Мыңшоқы» деген елді мекен болыпты кезінде. Осы

мекендегі жандар да аштықтан опат болған. Тапқандары көсік, жабайы құм жуа теріп жеп жан сақтаса керек.

Елді ашаршылық баудай қырып жатқанда, билік тазарту науқанын қабат жүргізді. Байлардың бар байлығын тартып алып, өздерін жер аударып атты. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» дегендей біздің өңірді қандықол Иосиф Герждод басқарған жылдары 1919 жылы ақпанның 17-сі күні «Қараөзек» болыстығынан Мүсілім Нұрпейісовтен 4 түйе 1 адам, Жүргенбай Нұржановтан 4 түйе, 1 адамды зорлықпен тартып алып, Перовск уезіне айдап кеткен. Сол 1919 жылы мамыр айының 5-і күні Перовск партизандық отряды үшін деп осы болыстықтың 17 8 ауылынан кезінде болыс болған Жантөгел Көбекбаевтан 1 ат, № 9 ауылдан Нұрпейіс Қашқырбаевтан 1 ат, Жүргенбай Нұржановтан 1 атты артып әкеткен. 1928 жылы 1000-1500 қойы,100-150 ірі қарасы үшін ағайынды Тұрғанбай, Жүргенбай Нұржановтардың малын тәркілеп, өздерін «Адай» уезіне (Маңғыстау облысы)

жер аударса, Көбекбайұлы Жантөгел, Ділдібеков Батырды қамауға алған.

Жүнісұлы Бабарақым (Бабай ишан) 1928 жылы тұтқындалып сонау Тәжік елінен бірақ шықса, оның Қалымбет пен Әбдіәлі атты екі ұлын 1936 жылы Тәжік елінен «халық жауы» деп ұстап әкеткен. Ұрпақтың айтуы бойынша ақталған.

Бүгінгі Сәкен Сейфуллин ауылының тұрғыны, белгілі темір ұстасы Созақбаев Әбдіқамалдың келісі Сібірқұлдың өмірі жайлы айта кетсе. Кешегі қырғын ашаршылықтан аман шыққандар енді біреудің соғысы үшін өмірімізді қимаймыз дегені үшін әкесін 15 жылға Сібірге айдап жіберіп, 10 жылдан соң анасы соңынан іздеп барып, Енисей бойында Сібірқұл дүние келген.

Асқар ауылынан зангер Мейірманнның Әбіші де Сібірге айдалып, сонда опат болған. Осы ауылдың тумасы Ажаров Жақып Арал аудандық білім бөлімін басқарып жүріп, «халық жауы» деген желеумен 1937 жылы Новочеркасск қаласында, караөзектік Темір Камалов та осындай жалған жаламен атылған.

Қарақұм көтерілісінің қарнамы Әлментасев Қауыштың тілеулеріне болдындар деп, 1929 жылдан «Шағарлы» колхозының мүшелері Құлбаев Мамыт, Құлбаев Әбдірахмен, Есеманов Дүйсенбай, Тоқмамбетов Нұржан, Өтегілеуов Нұрақат, Дәулетбаев Тоғайбай, Өтегілеуов Ермахан, Шідербаев Зәкімбердіні оқдарі, азық-түліктен көмек бердіндер деп қамауда бірнеше күн ұстаған.

«Ақжарма» ауылынан Жанәбілов Қансейіт, Нұрсейіттерді қудалаған соң, Өзбекстанға бас сауғалай қашқан. Олар діни қайраткерлер еді. Елде ұрпақтары қалып бүгінгі азат күнде өмір сүруде.

Бұл біздің бабалар көрген қорлықтың бір бөлігі ғана.

**Жәнібек МАХАМБЕТ,
ҚР Суретшілер одағының мүшесі, өлкетанушы**

Хабарландыру

«Қазушар» ШЖК РМК 05.07.2024 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, сағат 17:00-де «Арман» мәдениет үйі ғимаратында «Қызылорда облысы Шиелі кенті «Көк-шоқы» шағын ауданының су бұру жүйелері мен құрылыстарын реконструкциялау «жобасына» Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті. Географиялық координаттары 44.1846327 солтүстік ендік, 66.7137472 шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады esportal.kz және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар біріңғай экологиялық порталда esportal.kz, сондай-ақ электрондық пошта арқылы ar.zholdasbekova@korda.gov.kz

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/76922597847?pwd=nBqkgZJUMAH-PQoQTMi4jhYmLRtZMKi.1>

Конференция идентификаторы: 769 2259 7847. Код доступа: 7xcQRT

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: Қызылорда қ., Тауке хан қ., 3, тел.: 8-777-177-7994, ansp@bk.ru

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Қазушар» ШЖК РМК, БСН 110740000364. Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2. э.л.мекен-жайы: kaz_vodhoz@mail.ru

Жобаны дайындаушы: «Қазгражданстройпроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Б. Нысанбаев қ., 12. БИН 050140000140. Тел.: 8 (777) 499 17-34; 8(7242) 23-67-35. Э.л.адрес: ansp@bk.ru

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

Жарамсыз деп есептелсін

«Саяхатшы-Қызылорда» қоғамдық бірлестігі (БСН 170140033200) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы және мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Ақшатау» қоғамдық қоры (БСН 101140001024) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

22 мамыр 2024 жыл

№100

Қызылорда қаласы

«2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімінің өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
«2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бөкітілсін:
1) кірістер – 574 589 743,4 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 37 911 164,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 2 670 987,3 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 10 000,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 533 997 592,1 мың теңге;
2) шығындар – 579 724 666,7 мың теңге;
3) таза бюджеттік қаржы – 31 679 820,9 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 44 320 382,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 640 561,1 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салық – 2 083 175,1 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 2 083 175,1 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профицит) – -38 897 919,3 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициттің пайдалану) – 38 897 919,3 мың теңге.»

келесідей мазмұндағы 10-2-тармақпен толықтырылсын:
«10-2. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға ішкі нарықта айналыса жіберу үшін 2024 жылға бағалы қағаздар шығару түрінде облыстың жергілікті атқарушы органымен қарыз алуға мақұлданыс»;
атаған шешімінің 1-қосымшасы осы шешімінің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

М.Тлеумбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2024 жылғы «22» мамырдағы №100 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы «13» желтоқсандағы №63 шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	574 589 743,4
			Салықтық түсімдер	37 911 164,0
	01		Табыс салығы	20 651 810,0
	2		Жеке табыс салығы	20 651 810,0
	03		Әлеуметтік салық	16 070 104,0
	1		Әлеуметтік салық	16 070 104,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 189 250,0
	3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 039 250,0
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	150 000,0
	2		Салықтық емес түсімдер	2 670 987,3
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 224 354,0
	1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	50 000,0
	5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	80 000,0
	7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 094 354,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
	1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндіріп алулар	10 000,0
	1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, Жәбіреншілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндіріп алулар	10 000,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 434 033,3
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 434 033,3
	3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	10 000,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000,0
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000,0
	4		Трансферттердің түсімдері	533 997 592,1
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	20 587 686,1
	2		Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	20 587 686,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	513 409 906,0
	1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	513 409 906,0

Функционалдық топ

Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
	2. Шығындар	579 724 666,7
	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 008 579,1
	0110	
	Облыс мәслихатының аппараты	180 410,0
	001	
	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	179 150,0
	003	
	Мемлекеттік органның күрделі шығындары	1 260,0
	120	
	Облыс әкімінің аппараты	3 483 911,1
	001	
	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 014 371,0
	007	
	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	35 419,0
	009	
	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	434 121,0
	265	
	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	351 539,0
	001	
	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	351 539,0
	269	
	Облыстың діні істері басқармасы	429 730,0
	001	
	Жергілікті деңгейде діні істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 413,0
	005	
	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	142 926,0
	113	
	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	206 391,0
	282	
	Облыстың тексеру комиссиясы	389 367,0
	001	
	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	362 513,0
	003	
	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	26 854,0
	299	
	Облыстың экономика және қаржы басқармасы	632 651,0
	001	
	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқ	

2024 жылға арналған облыстық бюджет

03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	11 228 984,7
252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	11 165 527,0
001		Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 401 443,0
006		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	764 084,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	63 457,7
053		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	63 457,7
04		Білім беру	305 275 325,6
120		Облыс әкімінің аппараты	19 232,0
019		Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	19 232,0
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 334 556,4
003		Қадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	144 904,4
043		Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 027 184,0
057		Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	162 468,0
261		Облыстың білім басқармасы	259 883 106,9
001		Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	810 176,0
003		Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 948 128,0
004		Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	382 443,0
005		Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 839 008,0
006		Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	3 231 857,0
007		Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	167 077,0
011		Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-психологиялық консультациялық көмек көрсету	676 576,0
012		Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	772 847,0
013		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	92 720,0
019		Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары қорықтандыру үшін гранттар беру	56 000,0
025		Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	18 477 774,0
029		Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	989 399,0
052		Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек-мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау»	237 764,0
055		Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	5 001 231,0
067		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 177 214,0
082		Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	126 918 081,0
083		Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	369 205,0
085		Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	4 255 762,0
087		Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуі ұйымдастыру	6 687 032,9
202		Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	44 155 022,0
203		Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	39 365 070,0
768		Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы	12 097 097,9
006		Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	11 292 502,3
007		Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	804 595,6
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	31 941 332,4
012		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 476 562,4
069		Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 390 080,2
099		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	904 429,7
205		«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	26 170 260,1
05		Денсаулық сақтау	20 799 150,8
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	11 196 431,7
001		Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	348 424,0
006		Ана мен баланы қорғау жөніндегі қорғалтқыш қызметтер	329 524,0
007		Салауатты өмір салтын насихаттау	79 808,0
008		Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	267 176,0
016		Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрiмiн қамтамасыз ету	71 649,0
018		Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	50 459,0
023		Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	36 142,0
027		Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 115 924,0
029		Облыстық арнайы медициналық жабыққау базалары	65 159,0
053		Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	6 033 832,7
039		Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсету	480 664,0
041		Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	509 864,0
042		Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жалпылық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	697,0
050		Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	807 109,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	9 602 719,1
038		Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	9 602 719,1
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	29 074 713,3
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	28 291 233,3
001		Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	247 726,0
002		Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерді бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	687 368,0
003		Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	1 963 306,0
007		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 170,0
013		Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 240 775,0
014		Оналту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	895 211,0
015		Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	951 477,3
018		Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	186 699,0
046		Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	9 399,0
053		Қоғамдық импланттарға дәлден сәйкес процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	88 790,0
064		Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	1 185 295,0
066		Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақ төлеу	82 519,0
067		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	398 969,0
068		Жұмыспен қамту бағдарламасы	17 431 547,0
069		Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	9 968,0
113		Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 925 014,0

261		Облыстың білім басқармасы	731 224,0
015		Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	366 734,0
037		Әлеуметтік сауықтандыру	137 136,0
084		Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытқылармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	104 130,0
092		Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырау бағу	123 224,0
752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	52 256,0
050		Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	52 256,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	29 138 979,5
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	29 138 979,5
001		Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	322 289,7
032		Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	4 326 224,0
038		Коммуналдық шаруашылығын дамыту	8 505 689,8
051		Сумен жабдықтау және су беру жүйесін дамыту	1 000,0
054		Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жеке иелік санаттарына төлемдер	70 089,0
113		Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	3 162 696,2
114		Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	12 750 990,8
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	38 174 080,4
768		Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы	24 393,0
010		Туристік қызметті реттеу	3 401,0
074		Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық талаптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	20 992,0
752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	2 058 543,5
001		Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	459 650,5
006		Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	370 101,0
009		Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 090 299,0
010		Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	138 493,0
273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	10 012 190,5
001		Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	183 015,0
005		Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	4 967 456,0
007		Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 020 644,7
008		Театр және музыка өнерін қолдау	1 872 137,4
009		Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	429 205,0
010		Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	537 795,0
032		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	547 252,0
113		Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	454 685,4
768		Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы	3 475 850,1
001		Жергілікті деңгейде дене шынықтыру, спорт және туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	136 921,0
002		Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	155 050,0
003		Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысу	2 926 417,0
032		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	194 228,1
113		Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	63 234,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	22 603 103,3
024		Спорт объектілерін дамыту	13 521 300,8
027		Мәдениет объектілерін дамыту	9 081 802,5
029		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	4 879 618,0
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 879 618,0
007		Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1 509 325,0
071		Газ тасымалдау жүйесін дамыту	3 370 295,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	25 465 553,4
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	6 659 436,4
001		Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	204 135,0
003		Коммуналдық меншіктің су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	77 703,0
005		Орманларды сақтау, қорғау, мөлают және орман өсіру	3 905 877,0
006		Жануарлар дүниесін қорғау	70 425,0
008		Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	95 374,0
022		Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	540 886,2
032		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	513 120,2
034		Ақвасіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімнің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	9 524,0
114		Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	1 242 392,0
719		Облыстың ветеринария басқармасы	4 102 468,0
001		Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	167 381,0
009		Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	15 310,0
011		Жануарларды саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндірмей, алып қоймай заласыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын шешеріне өтеу	26 951,0
012		Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	85 094,0
013		Ауыл шаруашылығы жануарларын сөйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	75 308,0
014		Энизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	3 151 616,0
028		Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	4 138,0
030		Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	284 508,0
031		Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу)	42 279,0
035		Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сөйкестендіру	1 575,0
040		Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкерлердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу	248 308,0
741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	14 703 649,0
001		Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	452 494,0
002		Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	173 256,0
005		Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары болып және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы оңделулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энто	

«ТҮНГІ КІТАПХАНА» ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашуды армандайтынын айтқан еді.

– Мартин Лютер Кинг сияқты менің де көкейімде жүрген бір арман бар, бұл – тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу. Мен мұндай кітапхананы Анкарада көрдім. Оның оқырмандары әлемнің әр түкпірінде басылып шыққан көркем шығармаларды, арнаулы әдебиетті оқи алады. Мұндай кітапхананы елімізде де салуға болады деп ойлаймын, – деді Президент.

Бүгіннен бастап Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы түнде де жұмыс істейді. Кітапханашылар алдында тұрған үлкен міндет – қоғам назарын кітапқа, кітапхана ісіне аудару. Ол үшін жаңа идеялар мен креативті жобаларды жүзеге



асыру қажет. Осы мақсатта кітапхана оқырмандарға қызмет көрсету режимін түнгі сағат 24:00-ге дейін ұзартты.

Облыстық кітапхана – барлық жастағы оқырмандарға қызмет көрсететін аймақтағы ең ірі ақпараттық білім беру орталығы. Қорында 427 мыңнан астам басылым бар, жыл сайын 32

мыңнан астам оқырманға қызмет көрсетеді.

– Қазір кітапхана оқырманға кітап ұсынып, оны қайта қабылдап алатын орын ғана емес. Заман талабына сай кітапхана қызметі де түрленіп келеді. Бізде кітап оқуды насихаттау мақсатында жылына 300-ге жуық іс-шара ұйымдастырылады, – дейді кітапхана

басшысының орынбасары Айгүл Жанғабылова.

Мұнда коворкинг орталығы, «Еркетай» балалар алаңы, «Жас қалам», «Кездесу» клубы, IT сауаттылыққа үйрететін «Шаңырақ» интеллектуалды орталығы, АРТ-студия, сурет салу, «Cmep», «Kөpкeмceз», «English for kids» үйірмелері жұмыс істейді.

Бұл ретте, түнгі кітапхана бастамасы жұмыстан қолы босамай, кітап оқуға уақыт жеткізе алмай жүргендер үшін тиімді болмақ. Жастардың кешкі уақытын тиімді өткізуге де септігін тигізеді. Себебі өңірде білімге құштар, кітапқұмар жастардың барына куә болып келеміз.

– Кітапхана қазір қоғамдық даму орталығы, әлеуметтік институт, шығармашылық алаң ретінде, бүкіл мәдени ортаның тоғысуынан тұрады. Басты міндет – оқырман санын көбейту, жастарды дестүрлі оқуға тарту. Біздігі болып жатқан жаңашылдықтың бәрі осыған бағытталды, – дейді Айгүл Жанғабылова.

«СБ» ақпарат

TikTok-қа ТОСҚАУЫЛ: ДҰРЫС ПА, БҰРЫС ПА?

Тік Ток – қытайлық әлеуметтік желі. 2016 жылы шыққан бұл желі тез арада танымал болып үлгерді. Ол түрлі хабарлар алмасуға, керекті мағлұматтарды алуға мүмкіндік береді. Әлемдегі ең танымал әлеуметтік желілер рейтингінде 5-орында.

Бірақ бұл желі, таяқтың екі ұшы бары секілді, қазіргі қоғамның дертіне айналғандай. Тәрбиені насихаттау бағытында түсірілетін бейнекөріністер уақыт өте келе мүлдем азайды. Әлеуметтік желі көп адамдар үшін атаққа апаратын жол болды. Танымал боламын деп сайқымазаққа айналып, бейәдеп қылықтар жасауға арланбайтындар қатары көбейді. Бұл жана өмірге енді қадам басқан жас буынға кері әсерін тигізуде. Мысалы өзге ұлттарға еліктеушілік көбейді, бала мен қоғам арасындағы байланыс үзілді, білімге деген қызығушылық жойылды, айта берсек кері тұстары көп.

Жастардың болашағына тигізіп жатқан зардабын түсінген кейбір мемлекеттер бұл платформаға толықтай тыйым салды. Мәселен, Үндістан 2020 жылы елдің тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін деген алаңдаушылықпен тоқтау қойды. Ауғанстанда 2022 жылы тәліптер жас ұрпақтың жаңылысуының алдын алу үшін елде TikTok таралымын тоқтатты. 2022 жылы Пәкістан үкіметі «қолданбада орынсыз және әдепсіз материалдар бар» деп мәлімдеп, шектеді. Тайвань елі де 2022 жылы толығымен тыйым салды. Жақын арада гана TikTok-ты жапқан көрші Қырғызстанда да үкіметтің бұл қадамы қызу талқыланып жатыр. Қырғыз блогері Ростислав Яшенко «Әлеуметтік желіге тосқауыл қою елді бүкіл әлемнен оқшаулайды» деп есептейді. Бұл қаншалықты дұрыс пікір?

Адамдар өз құндылықтарын жоғалтуды. Әлеуметтік желінің зияны жайлы психолог Жанар Таңсық пікір білдірді. Оның айтуынша, TikTok-тың пайдасын айтып ақтаушылар жетеді. Алайда ешкім жалғартпайтын факт TikTok клиптік сананы қалыптастырып жатыр, яғни, 15 секундтан 3 минутқа дейінгі ақпараттар жадыға бірден еніп кете алмайды. Өз кезегінде бұл есте сақтауды кешеуілдетеді. Әр адам жадының нашарлауына алып келеді.

Ал енді оң әсеріне келетін болсақ, желіні қолданып отандық өнімдерді сату арқылы экономикаға пайдасын тигізіп жатқандар да аз емес. Қоғамға әсері кең ауқымды түрлі аспектілерді қамтиды. Мәселен, мәдениет саласы бойынша алсақ, әлемнің бір түкпіріндегі адамдарға өздерінің мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын бөлісуге мүмкіндік береді. Бұл жаһандық мәдени алмасуды жылдамдағып, түрлі елдер мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті арттырады.

Кәсіпкерлік мүмкіндіктеріне қарасақ, көптеген шағын және орта бизнес үшін тиімді маркетинг құралына айналды. Әсіресе, креативті контент жасаушылар өз өнімдерін немесе қызметтерін жарнамалау арқылы үлкен аудиторияға жетіп, жаңа клиенттер тартуда.

Tik Tok-та білім беру контенті де кең тараған. Қысқа әрі қызықты видеолар арқылы түрлі салаларда білім алуға мүмкіндік бар. Бұл әсіресе жасөспірімдер арасында танымал.

Tik Tok желісінің пайдасы мен зияны қатар жүреді. Желінің қоғамға әсері жан-жақты және үнемі дамып отырады. Оның әрі қарай дамуы мен өзгерістеріне байланысты жаңа тенденциялар да пайда болуы мүмкін. Дегенмен ұлт болашағына, ұрпақ тәрбиесіне алаңдаған біздің қоғам желіге тосқауыл коюды ұсынууда. Бұл пікірді қоштамайтындар қарасы да қалың. Қысқасы, Tik Tok-қа тосқауыл қойған дұрыс па, бұрыс па?

Жанерке НҮРХАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің
I курс студенті

«АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!»

Елімізде көлік саны жылдан жылға көбейіп келеді. Жаяу жүргіншілер мен жолаушылар саны да артқан.

Көшелер мен жолдардағы жағдай уақыт өткен сайын күрделеніп барады. Жол-көлік оқиғаларының қаупі күшейе түсуде.

Сондықтан жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді көшелер мен жолдарда тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының көбіне балалар зардап шегуде. Оның себеб, мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін жетік білмейді. Осы мақсатта «Абайлаңдар, балалар!» атты жол ережелеріне арналған тәрбиелік шаралар өткізілді.

Айдос ПРЕЖЕКЕНОВ,
Қызылорда қаласы полиция басқармасы
Ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы

«ДАРЫННАН» ШЫҚҚАН ДАРАЛАР

Қазіргі кезең бой емес, ой жарыстырғанды, жай ғана сөз емес, жасалған қадамды талап етеді. Заман талабына сай дарыны мен қарымы қатар ұштасқан жас таланттар аз емес. Облыстағы дарынды балаларды анықтау, қолдау, оқыту және дамытуға жағдай жасауды басты мақсат еткен «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының үздіксіз қызмет етіп келе жатқанына биыл 17 жыл болыпты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» тақырыбындағы Жолдауында көрсетілген «Ғылым саласын дамыту үшін бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек. Халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет. «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуі де тапсырамын. Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ» деп ғылым саласына бет бұруға бағыт көрсетті. Орталық тарапынан да Президент Жолдауын басшылыққа ала отырып, дарынды балаларды қолдауға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына сапалы жағдайлар жасалып келеді. Айта кетейік, биылғы оқу жылында облыстық «Дарын» орталығы 297 жалпы білім беру ұйымындағы 169475 оқушымен басты 3 бағыт бойынша жұмыс атқаруда.

– Ақпараттандыру және баспа қызметі» бөлімі білім саласын цифрландыру мәселелерімен айналысады. Оның ішінде облыстағы барлық білім беру ұйымдарының ұлттық білім беру деректер қорын толықтыруын, электронды оқыту жүйесін сүйемелдеу, «Smart City»



тұжырымдамасын, «Kundelik.kz», «BilimLand», «Daryn online», «College.sitcen.kz», «Jumys.sitcen.kz» және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламаларын қамтиды. «Дарынды балалармен жұмыстарды ұйымдастыру» бөлімі облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар, ғылыми жоба конкурстары, әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға қатысуына ықпал жасайды. Жүзден жүйрік шыққан оқушылар жыл сайын облыс әкімінің қабылдауында болып, «Сыр дарыны» медалімен марапатталады. Жүлдегер атанған дарынды балалар жоғары оқу орнының грант иегерлері атанып, аймақ мәртебесін асқатқатуда. «Қосымша білім беру» бөлімі «Тәрбие және білім» отбасылар сүйемелдеуге 4 базалық бағытта республикалық, облыстық деңгейде өткізілетін шараларды, сонымен қатар ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға арналған олимпиадалар мен түрлі іс-шараларды және студент жастардың арасында дебаттық қозғалысты ұйымдастырады.

Мәселен, өткен оқу жылында халықаралық олимпиадалар мен

ғылыми жобаларға 25 оқушы қатысып, 16 оқушы жүлдегер атанды. №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 11 сынып оқушысы Қалдан Жанай Ақтөбе қаласындағы А.Жұбанов атындағы жоғары оқу орнының ғылым грантына ие болды. Ауыл балаларына арналған IQANAT олимпиадасының республикалық кезеңіне 51 оқушы жолдама алды, – дейді орталық директоры Баян Ниязова.

Айта кетейік, биыл орталық жанынан «Дарынды балалар ұйымы» құрылды. Ұйымның құрамына түрлі байқаулардың 76 жеңімпазы қабылданып, облыстық «Достық керуені» фестивалі ұйымдастырылды. Фестиваль республикадағы үздік ауылдардың бірі де бірегейі – Сырдария ауданындағы Н.Лиясов ауылынан бастау алып, әрі қарай жас таланттар Қорқыт бабамыздың кесенесіне барып, музеймен танысты. Сонымен бірге, облысымызда «Жауқазын жүрек» I облыстық жас өрендердің шығармашылығын дамытуға арналған 5-11 сынып оқушылар ара-

лығындағы көшпелі әдеби алаң алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

– Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында елордаға өз жетістіктерімен ерекшеленген балалар, балалар қозғалысының көшбасшылары және түрлі жағдайларда адам өмірін арашалап қалған батыр балалар жиналып, Оқу-ағарту министрінің Алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында Нұрислам Сақтаған, Бекнұр Жолдасбаев есімді екі дарынды оқушымыз да бар. Сонымен қатар 1-2 маусым күні Еркежан Әскербекова, Салтанат Абдуалиева, Амелия Пак есімді оқушылар да мерекелік шараларға қатыспақ дейді Баян Бақытжанқызы.

Басшының айтуынша, алдағы уақытта республикалық «Дарын» орталығы облыстық бірлескен кенес өткізуді, БИЛ жұмысын үлгі ретінде көрсетуді, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындауды, «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жиынын ұйымдастыруды жоспарлады.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

БАҚЫТ ДЕГЕН – БАЛА КҮНДЕРІҢ

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 644 білім беру ұйымына заман талабына сай бейнебақылау жүйесі орнатылды. Облыс орталығындағы бала саны 700-ден асатын білім беру ұйымдары турникет, лицензияланған күзетпен қамтамасыз етілген.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзу, суицид, зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында қабылданған жоспарға сай тоқсан сайын бірінші бақтар өткізудің бағдарламасы әзірленді.

Зорлық-зомбылық қаупінде тұрған немесе оған ұшыраған балаларды анықтау, оларды психологиялық қолдау бағытында «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл ретте 478 тұрмысы төмен,

әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан баланың әрқайсысына жеке талдау жасалып, өмірдің қиын жағдайында қалған отбасылар сүйемелдеуге алынады. Сонымен қатар, мектепшілік есепке алынған 530 балаға мекен-жайлық әлеуметтік-психологиялық көмек берілді. Айта кетейік, психологиялық қолдау тобына алынған 688 балаға мектеп психологі, денсаулық сақтау саласының мамандары жәрдемдеседі. Бұдан бөлек, күрделі жағдайларды қарау және шешу бойынша облыстық білім басқармасы жанынан өңірлік психологиялық-педагогикалық консиллиум құрылды.

Зорлық-зомбылық, буллингке ұшыраған және өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға қолдау көрсету жұмыстарын күшейту мақсатында облыс әкімінің қолдауымен облыстық психо-

логиялық қолдау орталығы ашылды. Психологтарға әдістемелік көмек көрсете отырып, орын алған оқиықтарды оналтуға, қиындықтардың алдын алуға ба-сымдық береді. Соның бір көрінісі, жасөспірімдер арасында құқық-бұзушылықтың алдын алуға бағытталған «Менің бауырым» еріктілер жобасы басталды. Бұл жоба бірінші кезекте қала ішінде орналасқан 43 мектепте жүзеге асырылуда. Алдағы оқу жылынан бастап барлық аудандар қамтылады. Бұдан бөлек, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Сыр лигасы» жобасы жүзеге асырылуда.

Облыста 62 қосымша білім беру ұйымы, мектеп жанынан ашылған қосымша спорттық секциялар мен үйірмелер бар. Соның нәтижесінде, бүгінде жалпы білім алушылардың 86 пайызы қосымша біліммен қамтылған.

Балалардың құқықтарын қам-

тамасыз ету мақсатында облыстық білім басқармасында тұрақты 3 жұмысшы топ құрылған. Аталған топтар балалардың ыстық тамақпен қамтылуын, суицид және зорлық-зомбылықтың алдын алу, мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы сияқты мәселелерді үйлестіреді.

Балалар құқығын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түспейді. Мәселен, облыс әкімінің қатысуымен білім саласы бойынша ұйымдастырылған кеңейтілген мәжілісте көптеген күрделі мәселені себеп-салдарына талдау жасалып, соған сәйкес балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа жоспар түзіліп, қосымша міндеттер қабылданды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1-бет

www.facebook.com/syrboi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландырған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboi.kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.